Пайдаланған әдебиеттер

1. *Дене тәрбие жүйесінің мазмұны мен негіздері. //Ұлт тағылымы. № 4. – Алматы, 2005.*
2. *Зациорский В.М. Воспитание физических качеств ФИС, Москва, монография, 2008*
3. *Платонов В.Н. Система подготовки спортсменов в олимпийском спорте. Общая теория и ее практические приложения / В.Н. Платонов – К.: Олимпийская литература, 2004*
4. *Леценко С.С. Исследование специальной работоспособности борцов в период подготовки к соревнованиям. Киев, 1977.*

Резюме

Е.К. Адамбеков – к.п.н., профессор КазНПУ имени Абая

А.С. Якупов – ст. преподаватель КазНПУ имени Абая

ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ДВИГАТЕЛЬНЫХ НАВЫКОВ СПОРТСМЕНОВ И МЕТОДЫ ПЛАНИРОВАНИЕ

В данной статье рассматриваются физические упражнения спортсменов на примере борцов в год состоит из трех циклов, которые в свою очередь тесно взаимосвязаны друг с другом. В каждом микро, -мезо, -макроциклах есть свои цели, задачи, число циклов, длительность и направленность, динамику полезных упражнений, методы и структуры, а также включают педагогические и медицинские методы наблюдения. Системная организованность упражнений в точности рассмотрено чтобы развить физическую нагрузку. Так как выше сказанное в работе имеет свои цели, которые дают возможность решить каждую задачу отдельно. В статье по результатам исследование определены этапы тренировок спортсменов перед соревнованиях, то есть от их психологической и физиологической готовности. В каждом цикле говорится о росте производства в различных тренировочных работ.

Ключевые слова: спортсмены, борьба, соревнования, циклы, подготовка.

Summary

E.K. Adambekov –Professor, candidate of Pedagogical Sciences Kazakh National Pedagogical University named after by Abay

A.S. Yakupov – Senior lecturer Kazakh National Pedagogical University named after by Abay
Ways of improving motor skills athletes and methods of planning

This article discusses the exercise of athletes on the example of the fighters in the year is divided into three cycles, which in turn are closely linked with each other. Each microcycle - mezocycle - microcycle has its own goals, objectives, number of cycles, duration and direction, the dynamics of useful exercises, methods and structures, as well as include the Pedagogical and medical surveillance methods. Systemic organization exercises exactly considered to develop physical activity. As said above in the work it has its own purpose, which make it possible to solve each problem separately. The article on the results of the study determined stages of training athletes before competition, that is, from their psychological and physiological readiness. In each cycle refers to the growth of production in the various training operations.

Keywords: athletes, wrestling, competition, cycle, preparation

ӘОЖ 371,1

Оқушылардың білім сапасын арттыру үдерісінің психологиялық негіздері мен педагогикалық аспектілері

PhD доктор, доцент м/а А.А.Куралбаева – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қаласы, E-mail: kural-aliya84@mail.ru

Бұл мақалада оқушылардың білім сапасын арттыруда үдерісінің психологиялық негіздері мен педагогикалық аспектілері қарастырылады.

Оқушылардың білім сапасын арттырудың педагогикалық негізіне педагогикалық жүйе құраушылары алынатыны, оның ішінде «мазмұн-әдістер» жүйесінің қамтылуы себепті, негізінен оқу материалдарының маңызы, оқыту/оқу әдістері қарастырылды. Білім меңгеруде оқушылар жүзеге асыратын «логикалық ойлау тәсілдері - білім сапасын арттырудағы оқушының ойлау қызметін

калыптастыру (ойлау тәсілдері) және оқу материалдарындағы негізгіні, маңыздыны бөлу; себеп-салдарлық байланыстарды бөліп алу; салыстыру; талдау; жинақтау; талдап қорыту және т.б. оқу іс-әрекетінің жалпы тәсілдері (әрекеттер)» түрінде жүзеге асатыны сипатталады.

Кілт сөздер: таным, логикалық ойлау, ұғым, әдістемелік тәсілдер, логикалық тәсілдер, техникалық тәсілдер.

Адамның сана-сезімінің дамуы таным үдерісі арқылы жүзеге асырылады. Таным дегеніміз табиғаттағы заттар мен құбылыстардың қасиеттері мен өзара қатынастарының адам санасында идеалды образдар жүйесі ретінде бейнеленуі. Таным үдерісінде адамның өзін қоршаған орта туралы алған білімі тереңдей түседі, заттар мен құбылыстардың шынайы болмысын тани алады [1, 408 б.]. Таным үдерісінің негізгі заңдылықтарын гносеология – таным теориясы зерттейді.

Таным үдерісі нақты сезінуден басталып, абстрактілі ойлауға (ақыл-ой таразысы) өтеді. Психологиялық, физиологиялық тұрғыдан танымның бастапқы кезеңі түйсіктен, қабылдаудан, елестетуден тұрады. Бұл кезең танымның сезімдік формалары деп аталады. Танып-білудің бірінші сатысы түйсік пен қабылдаудан басталып, соның негізінде ойша елестету пайда болады. Таным адамның сезім мүшелеріне әсер етуінен басталады. Сондықтан да бұл сатыны сезімдік форма деп атайды.

Түйсік деп сыртқы дүние мен құбылыстардың жеке қасиеттерінің адамның сезім мүшелеріне тікелей әсер етуден пайда болатын мидағы бейнелерді түсінеміз. Сонымен, түйсік сананың сыртқы әлеммен байланысы.

Психологияда адамның түйсіне алу қабілетін сезгіштік деп атайды. Ол абсолюттік және айырма сезгіштік деп екіге бөлінеді. Абсолюттік сезгіштік – сезім мүшелерінің әлсіз тітіркендіргіштерді, ал айырма сезгіштік – тітіркендіргіштердің арасындағы болмашы айырмашылықты түйсіне алудың дәрежесін көрсетеді. Түйсіктер өзінің табиғаты бойынша экстерорецептивті (сыртқы) және интерорецептивті (ішкі мүшелер арқылы), проприорецептивті (бұлшық еттер арқылы) болып бөлінеді [2].

Ақпаратты өңдеу барысында түйсік екі жақты әрекетті орындайды: қандай жүйе басымдық рөл атқарады және сол үшін қандай мақсат қойылады. Мысалы, графикалық ақпаратты өңдеуде түйсік образды және вербальды кодтау жүйесі ретінде қатысады, бірақ, образды жүйенің әсері жоғары болады. Ал, мәтіндік ақпаратты өңдеуде, керісінше, вербальды кодтау жүйесі басым болады да, образды жүйенің әсері аз болады. Абстрактылы ақпаратты өңдеуде толығымен вербальды жүйе қолданылады, образды жүйе әрекетсіз қалады.

Түйсікте заттар мен құбылыстардың жеке сапалары мен қасиеттері сәулененетін болса, қабылдауда олар мида тұтастай зат күйінде бейнеленеді. Қабылдауда заттардың және құбылыстардың формасы, дыбысы, түсі, дәмі, иісі, т.с.с. қасиеттері тұтас күйінде толық бейнеленеді. Қабылдау – түйсіктегідей бір анализатордың ғана емес, бірнеше анализаторлардың бірлескен әрекетінің нәтижесі. Мәселен, сабақта көрсетілген бейнемәліметті көру және есту анализаторларының өзара байланысып жұмыс істеуі нәтижесінде қабылдайды. Қабылдау ерікті және еріксіз болып екіге бөлінеді. Еріксіз қабылдаған ақпараттың 24 сағаттан кейін 50%-ы ұмытылады екен [3]. Студенттің немесе оқушының оқу материалын өз ықтиярымен қабылдауы, оның зейін аударуына байланысты. Зейін аударуды сенсорлық (көрінетін, естілетін) немесе ойлау оқиғаларына ақыл-ой күш-жігерін шоғырландыру негізінде анықтауға болады. Зейін деп адам санасының қандай да бір нысанаға бағыттала тұрақталуын айтамыз.

Қабылдаудың өзіне тән бірнеше ерекшеліктері бар. Солардың бірі - апперцепция. Бұл қабылдау мазмұны адам мүддесінен, өмірге қатынасынан, бағыт-бағдарынан, білімі мен бұрынғы тәжірибесінен түйіндеп отыратындығын көрсетеді. Апперцепция - латын тілінен аударғанда «қабылдауға қосымша» дегенді білдіреді. Яғни апперцепция заттар мен құбылыстарды әр қырынан тани алу. Егер де адамда тұрақты апперцепция қалыптасса, ондай адамның білімі мен тәжірибесі тиянақты болады [4]. Логикалық ойлау оқушылардың апперцепциялық қабылдауына да оң ықпалын жасайды.

Оқыту үдерісінде ақпаратты өңдеудің бастапқы кезеңін сипаттайтын бөлімі қабылдаудың көлемін зерттеу болып табылады. Оқу құрылымының интерактивтілігі, мультимедиалылығы ақпаратты қабылдау көлемін көбейтеді.

Танымның келесі әрі жоғары баспалдағы – елестету. Елестету – бұрын қабылданған, бірақ, қазір көз алдымызда жоқ заттың немесе құбылыстың бейнесін жаңғырту. Қабылдау адамның сезім мүшелеріне әсер ету арқылы жүзеге асырылса, елестету бұрынғы түйсіну мен қабылдау негізінде орындалатын үдеріс. Сонымен, танымның сезімдік формалары ретінде ұғымдарды қалыптастыру сатыларының сұлбасы мынадай жүйеде құрылады: түйсік □ қабылдау □ елестету.

Енді, танымның логикалық формаларын қарастырайық. Ұғым, пікір, ой қорытындысы танымның логикалық формаларына жатады. Танымның сезімдік және логикалық формалары өзара тығыз бірлікте болады.

Ұғым - заттар мен құбылыстардың мәнді белгілері мен ерекшеліктерін бейнелейтін жалпылаушы ойлау формасы. Ғылыми пәндердің бәрі ұғымдар жүйесінен құралады. Кез келген ұғымның мазмұны мен көлемі болады және ол қолдану ретіне қарай өзге ұғымдармен түрліше байланыста болады. Ұғым дерексіз ойлау нәтижесі арқылы жасалып, оның мазмұны мен көлемі анықталады [5, 470 б.]. Яғни, ұғым - заттар мен құбылыстар туралы санада қалыптасқан ой. Ұғымда заттардың жалпы және негізгі қасиеттері бейнеленеді. Ойлау – ой қорытындылары формаларының бірі. Ой қорытындылары – бірнеше пікірлерден жаңа бір пікір шығару тәсілі. Ойлаудың логикалық формасы - пікір. Пікір ақиқат немесе жалған пікір болуы мүмкін. Танымның бұл логикалық формалары іс-әрекет үстінде жүзеге асырылады. Өйткені, іс-әрекет кезінде субъекті сыртқы дүниемен өзара әсерлеседі. Соның нәтижесінде заттар мен құбылыстардың психикалық образы жасалады. Сондықтан іс-әрекет – бұл да категория, танымның практикалық формасы әрі ғылыми зерттеудің әдіснамалық ұстанымы мен теориясына айналған. Іс-әрекеттің автоматты түрге келтіріліп (дағдылану), практикада пайдаланылуы – танымның соңғы нәтижесі.

Оқу материалын көрнекілік әдіспен түсіндіруде оқытушы көрнекі құралдарды және мультимедианы пайдалану негізінде табиғаттағы құбылыстарды, үдерістерді, заңдылықтарды демонстрациялайды. Бұл кезде оқытушының қызметі - көрсету, демонстрациялау болса, студенттер мен оқушыларға білім беру көзі көрнекілік құралдар, мультимедиа болып табылады да, ұсынылған оқу материалынан қорытынды жасау, демонстрация фактілерін бақылау, содан ой-тұжырым қалыптастыру студенттер мен оқушылардың іс-әрекеті болып саналады [6].

Адам қоршаған ортадағы құбылыстар мен үдерістерді сезім мүшелері арқылы танып білгенімен, олардың өткізу қабілеттері әр түрлі болады. Ақпарат алудың негізгі арналары есту және көру анализаторлары болып табылады. «Құлақ-ми» жүйесі секундына 50 бит ақпарат өткізсе, көру анализаторының өткізу қабілеті онан 100 есе көп. Адам қоршаған ортаны көп жағдайда көру арқылы танып біледі. Мұны педагог-психолог ғалымдардың зерттеулері [7] толық дәлелдеп бере алады: адамның қоршаған ортаны танып білуінің 90%-ы «көз-ми» жүйесі арқылы, ал 9%-ы «құлақ-ми» жүйесі арқылы, тек 1%-ы – сезу арқылы қабылданады.

Жоғары жүйке қызметінің ерекшеліктеріне және оған негізделген адамның қабылдау психологиясына сүйене отырып, педагогикалық және психологиялық тұжырым жасалады: оқу материалын ұсыну барысында меңгерудің жоғары сапасына оқытушының сөзі мен көрнекі түрде берілетін бейнені тікелей ұштастырудың нәтижесінде қол жеткізуге болады. Көрнекілікті жүзеге асыру логикалық тәсілдердің негізгі басты мүмкіндіктерінің бірі.

Оқушының білім сапасын арттыру оқытумен тікелей байланысты және «мазмұн-әдістер» жүйесінде жүзеге асады.

М.И.Махмудов ««Мазмұн-әдістер» жүйесінде бірінші элемент жетекші болып табылғандықтан, сабақтарға ғылыми негізделген дайындық оқып үйренуге жататын білімдер жүйесі терең және жан-жақты талдаудан (мұғалім бір сабақты немесе сабақтар жүйесін жоспарлауға кіріскен, кіріспегеніне байланысты емес) басталуы керек екенін тәжірибе көрсетіп отыр» - деп атап көрсете келіп, оқу материалын талдауды төмендегі сызба бойынша жүргізген жөн екендігін айтады [8]:

- а) ұғымдық талдау;
- ә) логикалық;
- б) психологиялық;
- в) оқу материалының тәрбиелік маңыздылығын талдау;
- г) дидактикалық талдау.

Мұғалім қызметінде басым көпшілік уақыт шығыны пән бойынша оқу материалдары мазмұнын талдауға, таңдауға және іріктеуге, сондай-ақ сабаққа дайындалу кезінде оқу материалдарын (дидактикалық және әдістемелік) қайта өңдеуге жұмсалады. Осының негізінде педагогикалық тапсырмалар дұрыс іріктеледі.

Оқушылардың білім сапасын арттыруда оқу материалын ауызша баяндау және түсіндіру әдістерін қолданудың тиімділігі едәуір дәрежеде әдістемелік тәсілдерді дұрыс пайдалануға байланысты. *Әдістемелік тәсілдер* – оқу-тәрбие мақсатына жетуге бағытталған мұғалім мен оқушының жекелеген әрекеті немесе әдістің құраушы элементтері. Педагогикалық еңбектерде (Поляков В.А., Атутов П.Р., Капралова В.А., т.б.) мұғалімнің жұмыс істеу әдістерінде әр түрлі үйлестірілген әдістемелік тәсілдер өмір сүреді. Олар:

- *логикалық тәсілдер* – оқушының ойлау қызметін қалыптастыру тәсілдері (ойлау тәсілдері). Оған жататындар: негізгісін, маңыздысын бөлу; себеп-салдарлық байланыстарды бөліп алу; салыстыру; талдау; жинақтау; талдап қорыту және т. б.

- *техникалық тәсілдер* мұғалім мен оқушы іс-әрекетіндегі құралдарды, яғни әр түрлі жабдықтарды, материалдарды, бейімдеу құралдарын, техникалық оқу құралдарын және т. б. тиімді пайдалануды қарастырады.

Мұғалімдер оқушылардың оқу мәдениетін, пән бойынша дайындығын қалыптастыруға сәйкес оқу материалдарын талдауды, сондай-ақ сабақта оқу материалдарын баяндауды жүзеге асырады. Оның ішіндегі бастылары индукция және дедукция арқылы жүзеге асыруға болады. Индукция және дедукция өзара байланысты таным әдістері. Бұл әдістердің бөлінуі ой қорытулардың индуктивтік және дедуктивтік болып ажыратылуына негізделген.

Мектеп қабырғасында оқу пәндерін оқытуда әр түрлі заттар, құбылыстар және олардың сандық сипаттамалары мысалға алынады, келтіріледі. Заттың, құбылыстың сандық сипаттамасы олардың сапалық сипаттамаларымен бірге болады. Сандық сипаттаманың өзгеруі, белгілі бір деңгейге жетуі заттың немесе құбылыстың сапалық жағынан өзгеруіне, екінші сөзбен айтқанда, сандық өзгерістің сапалық өзгеріске, керісінше, сапалық өзгерістің сандық өзгеріске айналуымен бірге анықталады. Заттарды, құбылыстарды түсіндіруде қасиеттердің мәні басымдыққа ие болады.

Қасиет дегеніміз бір заттың басқа заттармен өзара әрекеттесуінен шығатын сапасының көрінісі. Қасиет затты қандай да болсын бір жағынан сипаттайды. Олар логикалық тәсілдерді, оның ішінде талдау мен салыстыруды жүзеге асыруда басты мәнге ие.

Оқыту үдерісінде оқушылардың салыстыру тәсілдерін жүзеге асыруды қарастырып көрелік. Салыстыру үшін оқушы оқу материалын біліп қана қоймай, барлық білім жүйесін игеруі және фактілі материалдарды білуі мен бұл білімдерді операциялауы: заттарды немесе құбылыстарды топтауы, құбылысты барлық жағынан қарастыруы, талдау жасауы қажет. Ол үшін педагогикалық, психологиялық еңбектерді және мектеп оқу-тәрбие үдерісін зерделеу негізінде бірқатар кезеңдерді шартты ажыратуға болады [9]:

1. Салыстыруға жататын объектілерді немесе құбылыстарды (қасиеттерді) тандау;
2. Мақсат қою (салыстыру нәтижесінде нені білуі);
3. Салыстыру жоспарын құрастыру және салыстыру жүргізетін белгілерді айқындау;
4. Салыстырылатын объектілер немесе құбылыстарды сипаттайтын алынған белгілердің барлығы бойынша фактілерді іріктеу;
5. Әрбір белгілерді талдау негізінде салыстырылатын объектілердің арасындағы сәйкестік немесе айырмашылық белгілерін орнату;
6. Ұқсастықтан немесе айырмашылықтан туындайтын салдарлар туралы тұжырым жасау, сәйкестік немесе айырмашылық себептерін түсіндіру.

Салыстыру тәсілі білімдік саланың түсіну деңгейін қамтамыз етеді және сол деңгейде білім меңгерілгендігін көрсетеді, жүзеге асырады.

Салыстыру үшін қарастырылатын оқу материаларын немесе объектіге қатысты барлық мәліметтерді деңгейлеп құрылымдау өте орынды болады. Осының соңында, бір объектіге қатысты оқу элементтері теориялық және практикалық тұрғыдан іс-әрекеттер түрі анықталады. Оларды баяндау мен көрсетуге бағдар әзірленеді және оқушылар тарапынан жүзеге асырылатын логикалық тәсілдер орын алады.

Сонымен, біз логикалық ойлау тәсілдері деп, білім сапасын арттырудағы оқушының ойлау қызметін қалыптастыру (ойлау тәсілдері) және оқу материалдарындағы негізгіні, маңыздыны бөлу; себеп-салдарлық байланыстарды бөліп алу; салыстыру; талдау; жинақтау; талдап қорыту және т.б. оқу іс-әрекетінің жалпы тәсілдерін (әрекеттер) түсінеміз.

- 📖👤 Усова А.В. Психолого-дидактические основы формирования у учащихся научных понятий. – Челябинск: Челяб. ГПИ, 1979. - 86 с.
- 📖👤 Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Ғылым, 1993. - 230 б.
- 📖👤 Психология. Адамзат ақыл-ой қазынасы. 10 томдық; Психология ғылымындағы іс-әрекет теориясы / жетекшісі – акад. Ә.Н.Нысанбаев. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2005. – Т. 2. – 480 б.
- 📖👤 Құдайқұлов М.А., Жаңабегенов Қ. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Ғылым, 1998. - 310 б.
- 📖👤 Дрига И.И., Рах Г.И. Технические средства обучения в общеобразовательной школе. - М.: Просвещение, 1985. - 271 с.
- 📖👤 Махмудов И.М. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру / аудар. Ұ.Асыллов, М.Көпжасаров. –Алматы: Мектеп, 1981. - 247 б.
- 📖👤 Ортаев Б.Т., Мәуленова Ұ. Оқытудағы логикалық тәсілдердің сипаттары // Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы. – Түркістан, 2012. - №1. – Б. 66-71.

Резюме

PhD доктор, и/о доцента А.А.Куралбаева - Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан E-mail: kural-aliya84@mail.ru

Психологические основы и педагогические аспекты процесса повышения качества образования школьников

В данной статье рассматриваются психологические основы и педагогические аспекты процесса повышения качества образования школьников.

Педагогическую основу повышения качества образования школьников составляет структура педагогической системы, в том числе в связи с охватом системы «содержание-методы», в основном рассматриваются значение учебного материала, методы обучения/учения. «Приемы логического мышления, применяемые учащимися в процессе овладения знаниями – реализуются в виде формирования мыслительной деятельности школьников (приемы мышления) в повышении качества образования и выделения основного и значимого в учебном материале; выделения причинно-следственных связей; сравнения; анализа; обобщения; подведения итогов и др. общих приемов учебной деятельности».

Ключевые слова: познание, логическое мышление, понятие, методические приемы, логические приемы, технические приемы.

Summary

PhD doctor, acting associate professor A.A.Kuralbayeva – International Kazakh-Turkish University named after Kh.A.Yassawi, c.Turkistan. E-mail: kural-aliya84@mail.ru

Psychological bases and pedagogical aspects of the process of improving the quality of school education

This article discusses the psychological bases and pedagogical aspects of the process of improving the quality of school education.

Pedagogical bases of improvement of quality of school education is the structure of the educational system, including in connection with the coverage of the "content-methods" system, mainly discusses the value of educational material, methods of teaching / learning. "The techniques of logical thinking, used by

students in the process of acquiring knowledge - are realized in the form of the formation of mental activity of schoolboys (thinking techniques) to improve the quality of education and the allocation of basic and significant in the training material; allocation of causality; comparison; analysis; generalizations; summarizing and others. common methods of learning activities".

Keywords: knowledge, logical thinking, the notion of instructional techniques, logical methods, techniques.

УДК 796.422.16 22.16

РАЦИОНАЛИЗАЦИЯ ТРЕНИРОВОЧНОГО ПРОЦЕССА В МАРАФОНСКОМ БЕГЕ

К.И.Ергазиева - к.х.н., доцент, КазНПУ им.Абая

В.Борисов – студент 3 курса специальности «5В010800 – Физическая культура и спорт» КазНПУ им.Абая

В статье говорится о рационализации построения тренировочного процесса в марафонском беге путем сбалансирования тренировочных нагрузок и процессов восстановления. Главной целью тренировочного процесса является спортивное совершенство в марафонском беге, которое достигается за счет систематизации тренировочного процесса. При подготовке к марафону важно знать все стороны специальной и общей подготовки, их применение и сочетание. В статье говорится о рационализации и применении всех средств, приемов и методов в строго заданной последовательности. Лимитирующую роль играет периодизация спортивной подготовки, которая влияет на систематизацию тренировочного процесса.

Ключевые слова: марафон, выносливость, тренировочный процесс, рациональная подготовка, периоды подготовки, спортивное совершенство.

Во всех циклических видах спорта крайне значение имеет уровень развития выносливости. Это связано с тем, что рост спортивных результатов связан с дальнейшим расширением функциональных возможностей организма и совершенствованием двигательных качеств спортсмена, при этом особое значение придается развитию именно выносливости. При подготовке к марафонскому бегу, организму спортсменов предъявляются высокие требования. Поэтому при подготовке к соревнованиям в марафонском беге важно рационализировать и систематизировать весь процесс подготовки, способствуя подведению к пику высшего спортивного мастерства. В настоящее время не полностью раскрыта система подготовки спортсменов к марафону. Существующие источники определяют общие основы подготовки бегунов к марафону. Тренерам важно знать все методы и средства для достижения пика высшего спортивного мастерства. Поэтому важна конкретизация всех факторов, способствующих их достижению.

Спортивная подготовка разделяется на обще-подготовительный, специально-подготовительный, подводящий и соревновательный периоды. Для этого важно знать правильность построения учебно-тренировочных занятий в каждом периоде подготовки бегунов на длинные дистанции в группе спортивного совершенства.

Обще-подготовительный период несет основную роль в подготовке марафонцев. Целью данного периода является подготовка организма к специально-подготовительному периоду. Условно обще-подготовительный период можно разделить на два этапа.

Первый базовый этап - укрепление опорно-двигательного аппарата, совершенствование скоростно-силовых способностей. Второй базовый этап - развитие аэробной системы энергообеспечения.

Первый базовый этап обеспечивает минимизацию травм, повышению скоростных режимов за счет выполнения силовой и прыжковой работы. Высокие объемы бега способствуют развитию выносливости, но в связи с этим падают скоростные характеристики у спортсменов. Первый базовый этап не только компенсирует потери, но и совершенствует скоростные качества марафонцев.[1]

Второй базовый этап способствует развитию аэробной системы энергообеспечения, за счет длительного равномерного бега в максимально устойчивом состоянии. Топливом для марафонца является гликоген в мышцах и печени, но его хватает на преодоления в марафоне 70% от всей дистанции. На оставшейся 30% марафонской дистанции источником энергии являются липиды. [2]

Энергия, требуемая для пробега марафонской дистанции, обеспечивается, большей частью, четырьмя источниками энергии:

1. запасы гликогена в рабочих мышцах;
2. глюкоза, поступающая в кровь из печени;
3. жиры, имеющиеся в мышцах в начале марафонского забега;
4. жирные кислоты, поступающие из жировых депо организма (жировые клетки). Они соединяются с альбумином и доставляются кровью к рабочим мышцам. [3]

Второй базовый этап решает задачи по развитию источников энергообеспечения посредством длительного равномерного бега на уровне аэробного порога.

Базовая работа подготовительного периода играет огромную роль на всех этапах подготовки способствуя успешному выходу на этап спортивного долголетия.[4]

Тренировка на втором этапе подготовительного периода направлена на непосредственное становление спортивной формы. Это достигается увеличением доли специально-подготовительных упражнений, приближенных к соревновательным, а также собственно соревновательных. В данном периоде подготовки происходит интенсификация тренировочного процесса, то есть увеличения доли специальной работы по средствам увеличения нагрузок высокой интенсивности. Важно рационализировать процессы восстановления между нагрузками высокой интенсивности за счет принципа волнообразности тренировочных нагрузок и принципа индивидуализации тренировочного процесса. То есть нужно гармонизировать тренировочный процесс за счет рационального сочетания нагрузок высокой, средней, легкой интенсивности используя как посредственный, так непосредственный контроль за состоянием спортсмена. Важно использовать объективные и субъективные факторы контроля за состоянием сердечно-сосудистой системы, нервной системы, опорно-двигательного аппарата спортсмена.[5]

Специально-подготовительная работа к марафонскому бегу состоит из следующих упражнений:

1. Длинные отрезки. Суммарное расстояние 15-21 км. Длина и скорость пробега «быстрых» отрезков: 5 — 7км и 103-107% от марафонской скорости. Примером для бегуни-марафонки с лучшим личным результатом 2:28.00 могло бы быть чередование пробега трех отрезков по 5000 м (17.15, 17.00, 16.45) с 2-3-минутным медленным бегом между повторениями.
2. Средние отрезки. Суммарное расстояние 12-15 км. Длина и скорость пробега «быстрых» отрезков: 3-5 км и 105-108% от марафонской скорости. Примером для бегуна - марафонца с лучшим личным результатом 2:08.00 могло бы быть чередование пробега трех «быстрых» отрезков 5000, 4000 и 3000 м (14.30, 11.25, 8.20) отдых в паузах — 2-3- минутный бег с медленной скоростью.
3. Короткие отрезки. Суммарное расстояние 10-12 км. Длина и скорость пробега «быстрых» отрезков: 1000-3000 м и 106-110% от марафонской скорости. Примером для бегуна-марафонца с лучшим личным результатом 2:08.00 могло бы быть чередование пробега трех отрезков 10х1000 м за 7.45, отдых в паузах — 2-3 минутный бег с медленной скоростью.
4. Смешанные отрезки. Суммарное расстояние 10-12 км. Длина и скорость пробега «быстрых» отрезков: 400-3000 м и 107—112% от марафонской скорости. Примером для бегуна марафонца с лучшим личным результатом 2:08.00 могло бы быть чередование пробега трех отрезков: 3000 м за 8.15, отдых 4 мин; 2000 м за 5.35, отдых 3 мин; 10 х 400 м, отдых в паузах — 1 минута бега с медленной скоростью.
5. Длительный бег с короткими вариациями темпа. Суммарная продолжительность бега от 1:45.00 до 2:15.00. Скорость на «медленных» отрезках составляет около 80% от марафонской скорости. Длина и скорость пробега «быстрых» отрезков : 500-1000 м и 103—105% от марафонской скорости. Примером для бегуна- марафонца могло бы быть чередование часового бега в постоянном темпе + 10х90 с в быстром темпе с 90-секундным бегом в медленном темпе + 30 минутный бег в постоянном темпе.[6]

Подводящие микроциклы — строятся по правилам непосредственного подведения к соревнованиям. Содержание этих микроциклов может быть очень разнообразным. В подводящих микроциклах может воспроизводиться режим предстоящих соревнований, решаться

вопросы восстановления и психической настройки. В целом они характеризуются невысоким уровнем объема и суммарной интенсивности.

Продолжительность подводящих микроциклов составляет 1-2 недели. Последняя высоко-интенсивная нагрузка выполняется за 14-15 дней до соревнований. Важно обеспечить восстановление спортсмена за 14 дней для достижения фазы суперкомпенсации.

В соревновательном периоде главную роль играет соревновательная деятельность. Этот период охватывает время проведения соревнований и время между соревнованиями. В соревновательном периоде важно мобилизовать и раскрыть функциональные возможности организма и рационализировать тренировочный процесс между соревнованиями.

Количество преодолеваемых марафонов 1-2 в год. Это обусловлено тем, что марафон истощает системы организма, в большей степени нервную систему. Соревновательный период состоит не только из соревнований в марафонском беге, но и бега на смежные дистанции. [7]

Большую роль в соревновательном периоде играет психологическая подготовка. Марафон предъявляет высокие требования к нервной системе спортсмена, поэтому нужно развивать эмоционально-волевую сферу спортсменов. На основании учений Павлова существуют генотипы нервной системы. Генотип характеризуется высшей нервной деятельностью, в частности силы, устойчивости, подвижности нервных процессов. Генотип определяет реакцию человека в экстремальной и критической ситуации. Выделяют четыре генотипа: флегматик, меланхолик, сангвиник, холерик. В марафоне хорошо могут себя проявлять спортсмены флегматики и сангвиники. Они отличаются высокой устойчивостью нервных процессов. Существует фенотип нервной системы, который образуется за счет приобретения динамического стереотипа по средствам условных рефлексов.

Для формирования правильного фенотипа спортсмена важно повысить мотивационную схему по средствам формирования духовных ценностей и идеалов. Для этого используется духовно-нравственное воспитание, то есть формирование идеальных ценностей, через патристическое воспитание. Такой подход способствует мобилизации эмоционально-волевых качеств марафонцев.

Восстановительный период следует сразу после соревнований и способствует восстановлению организма после преодоления марафона. Средствами данного периода являются нагрузки оздоровительной направленности и активный отдых. Восстановительный период длится от 4 до 6 недель, в зависимости от дальнейших целей и задач. Этот период должен способствовать поддержанию формы спортсмена и преемственности соревновательных микроциклов.

1. Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физического воспитания и спорта «Академия», 2001.
2. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры. М. Физкультура и спорт, 1991.
3. Курамышев Ю.Ф. Методика развития выносливости /В кн. Теория и методика физической культуры: Учебник /Под ред. проф. Ю.Ф. Курамышева -М. Советский спорт, 2003.
4. Позный метод бега Романо Н.П. Робсон Д. М. 2013.
5. Фитзенгер П., Дуглас С., «Серьезные тренировки на выносливость» 2007.
6. Тренировка в марафонском беге: научный подход Энрико А. , Ренато К., М.: «Терра-Спорт» 2000.
7. Жилкин А.И., Кузьмин В.С., Сидорчук Е.В. Легкая атлетика: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. - М.: Издательский центр «Академия», 2007. - 464 с.
- 8.

Summary

K.I.Yergazyeva - Associate professor Kazakh National Pedagogical University named after Abai

V. Borisov – 3rd year student of the speciality «5B010800 – physical culture and sport» Kazakh National Pedagogical University named after Abai

Rationalization of the training process in the marathon.

The article refers to the rationalization of construction of training process in the marathon by the balance of training loads and recovery processes. The main objective of the training process is sporting excellence in the marathon, which is achieved due to the systematization of the training process. When preparing for a marathon it is important to know all aspects of special and general preparation, their use and combination. The article refers to the rationalization and the use of all means, techniques and methods in

strict sequence. Limiting the role played by the periodization of athletic training, which affects the systematization of the training process.

Keywords: marathon, endurance, training process, rational training, periods of preparation, sports perfection.

Түйіндеме

К.И.Ергазиева – х.г.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ.

В.Борисов – «5В010800 – Дене мәдениеті және спорт» мамандығының 3 курс студенті, Абай атындағы ҚазҰПУ.

Марафонды жүгірудегі жаттықтыру процесінің ұтымдылығы

Аталған мақалада қалпына келтіру процесі мен жаттықтыру жүктемесін теңдестіру жолы арқылы марафонды жүгіру кезіндегі жаттықтыру процесін ұтымды құру жайлы айтылады. Жаттықтыру процесінің басты мақсаты жаттықтыру процесін жүйелеу арқылы жететін марафондық жүгірудегі спорттық жетістік болып табылады. Марафонға дайындалу кезінде барлығының жалпы және арнайы дайындықтың жан-жақтылығын, олардың үйлесімділігі мен қолданылуын білуі өте маңызды. Мақалада барлық құралдар, әдістер мен тәсілдердің қатаң түрде рет-ретімен қолданылуы және ұтымдылығы жайлы айтылады. Жаттықтыру процесін жүйелеуге әсер ететін спорттық дайындық кезеңдері лимиттік рөл ойнайды.

Түйін сөздер: марафон, төзімділік, жаттықтыру процесі, ұтымды дайындық, дайындық кезеңдері, спорттық жетілдіру

УДК 796.853.23

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ДАМУЫ

Р.Б.Кадырбеков – Абай атындағы ҚазҰПУ магистр оқытушы

Б.Б.Ислямов – Алматы Университеті магистр оқытушы

М. Е. Құсмиденов – ПМПИ оқытушы **Е.Мерешев** – ПМПИ 4 курс студенті

Бұл мақалада адам тарихындағы ең ескі интеллектуалды ойындардың бірі тоғызқұмалақ ойынының шығу тарихы қарастырылады. Манкала тобына жататын тоғызқұмалақ ойыны 4 мыңнан астам жыл бұрын пайда болған, қазіргі уақытта халықаралық деңгейге көтерілді. Манкала – бұл тастардың орын ауыстырып тұру арқылы ойналатын үлкен отбасы ойыны. Көптеген ғалымдардың болжамдары бойынша пайда болу тарихы 5 мың жылға сәйкес екені анықталды. Манкала типтес ойындар әлемге кеңінен танылғандығы, оның оңтүстік және солтүстік Америкада, Африкада, Еуропа мен Азияда, Австралия мен түрлі аралдарда ойнайтын түрлері анықталды. Қазіргі кезде тоғызқұмалақ қауымдастығы овари федерациясымен бірлікте жұмыс жасау арқылы, Еуропада осы екі ойын түрі халықаралық олимпиадалардың бағдарламаларында бірге насихатталып отыр.

Түйін сөздер: тоғызқұмалақ, ұлттық ойындар, ұйымдастыру.

Зияткерлік (интеллектуалды) ойындар – бұл логикалық немесе стратегиялық ойындар. Оларды екі түрге бөлуге болады: фигуралармен ойналатын және манкал типтес ойындар деп. Фигура тәрізді мүсіндермен ойналатын ойындарға шахмат, шашки тағы сондай ұқсас ойындарды жатқызуға болады.

Манкала (араб тіл. nagala - қозғалатын) – бұл тастардың орын ауыстырып тұру арқылы ойналатын үлкен отбасы ойыны. Көптеген ғалымдардың болжамдары бойынша пайда болу тарихы 5 мың жылға сәйкес.

Манкала типтес ойындар әлемге кеңінен танылған. Оның оңтүстік және солтүстік Америкада, Африкада, Еуропа мен Азияда, Австралия мен түрлі аралдарда ойнайтын түрлері бар. Тастарда қатарынан ойылған ұяшықтар Мемфис, Фивы, Луксор қалаларының храмдарында, Мысыр мен Калахари шөлі керуен жолдарының бойында, Сириядағы Алеппо ежелгі қалаларында табылған. Манкала көне заманнан бері көшпелі халықтар арасында танымал болды. Себебі, өзімен бірге тақта алып жүруге қажет етпеді, жерге ондаған ор қазып тастармен немесе кофе дәндерімен ойнауға болады. Бүгінгі таңда Африка мен Азия халықтарында ұқсас ұлттық ойындары бар. Батыс Африкада «Ауа» мен «Овари», қазақтар мен қырғыздарда – тоғызқұмалақ, үндістерде – палантуджи

мен олинда келия. Осы отбасы ойындарының ең сирек кездесетін Эфиопия мен Сомали халқтарының ұшқатарлы «Габат» ойыны. Ал ең қиыны орталық Африкалық төртқатарлы «Бао» мен «Омвессо».

Барлық ойындардың негізгі принциптері ұқсас: шар типтес заттар арқылы екі адам арасында ойналады және арнайы ережелер бойынша сол шарды ұту арқылы белгілі бір орынға жинауға негізделген. Кім қарсыластан артық жинаса сол ұтады, егер екі ойыншы бірдей жинаса, тең нәтиже тіркеледі.

Қазіргі таңда манкала типтес ойындарға қызығушылық артуда. Коптеген жарыстар ұйымдастырылып жатыр, кейбір ойындар халықаралық деңгейде де шығуда. Африкалық «Овари» мен қазақтың «Тоғызқұмалақ» ойындары арасында жылына оннан аса халықаралық жарыстар өтуде.

Африкалық «Овари» ойынының негізін қалаушы Ашати (қазіргі заманғы Гана аумағындағы ежелгі мелекет) мемлекетінің бірінші корольі Катаки Варе болған. Ол отбасылық жан жалды ойын арқылы шешетін әдеті болған. Ойыннан кейін ерлі – зайыптылар бір – бірін жақсы түсіне бастаған, ал «Вари» (wari) сөзі Ганада қазіргі таңға дейін үйленген адамды айтады.

Ганада «Овари» ойыны әскери дайындықтың бір бөлігі болды. Жорыққа шығар алдында жауынгерлер осы ойынды ойнап реакцияларын тексерген.

Егер патша қайтыс болса, кеңес «Овари» ойынынан турнир ұйымдастырып, жеңімпаз мұрагері болып сайланған. Ойынның негізгі принциптері: Ойында жүріс жасау тәртібіне келетін болсақ ол айналмалы түрде жүргізілген. Ол жылдың циклдік сипаты мен маусымдардың аусуы. Тастарды кезектеп отауларға салу егіс пен егін жинау кездері, бос ұяшықтар аштық пен өсімдік жеткіліксіздігін білдіреді. Ойын ережесі бойынша сіздің қарсыласын аштықтау керек, ол барлық тұқымдарын жоғалтса, сіз оған тұқым беру керексіз.

Тоғызқұмалақ – бірнеше мың жылдық тарихы бар, қазіргі уақытта әлемге әйгілі зияткерлік ойындардың ішінде ерекше маңызға ие ата-бабамыздан қалған асыл мұраларымыздың бірі. Республикамыздың әр түкпірінен табылған, тасқа қашалып қалдырылған тоғызқұмалақ тақтасының бейнелері де ойынның өте ертеде пайда болғанынан хабар береді.

Тоғызқұмалақтан 1948 жылы Алматы қаласында өткен бірінші республикалық чемпионатқа 4 адам қатысып, бірінші жеңімпаз ретінде Жамбыл облысының өкілі – Ш. Өтегенов танылды. Тоғызқұмалақ тақтасындағы отауларға сандық белгі қойылмастан бұрын әріптік белгілер қойылған, оның авторы – Ш. Ыбыраев. 1949 жылы өткен Қазақстан Республикасының II Чемпионатында тоғызқұмалақ тақтасындағы отауларды әріптік белгілеу нотациясы қолданылды. 1974 жылы әріптік белгілеу сандық белгілеуге көшірілді. Авторы – С. Тілеубаев.

1974 жылы Қазақ ССР тоғызқұмалақ федерациясы құрылды. Тоғызқұмалақ ойынының ережесі ретінде С. Аманжолов пен Т. Сұлтанбековтың кітаптарындағы қағидалар алынды. 1990 жылы тоғызқұмалақ Федерациясының президенті болып Н. Жүнісбаев сайланды. 1978 жылы Қазақ ССР-нің ресми чемпионы болған қостанайлық Д. Поляков «Спорт шебері» ресми атағына да тұңғыш рет ие болды. 1984 жылы Қазақ ССР-нің командалық чемпионаты алғаш рет өткізілді. 1980 жылы Қазақ ССР тоғызқұмалақ федерациясының тапсыруымен тоғызқұмалақ ойынының негізгі қағидаларына қаратаулық Ө. Ақшораев пен алматылық Н. Жүнісбаев өзгерістерді енгізді.

Ал 1991 жылы Б. Әзімжанов пен М. Таникеев тоғызқұмалақ ойынының негізгі қағидаларына жаңа толықтырулар мен түзетулерді енгізді. 1991 жылдан бері Қазақстан Республикасының жекелей чемпионаты ерлер мен әйелдер арасында бөлек өткізіліп келеді. Оған дейін олар сайысқа бірге түсіп келген болатын. 1991 жылдың чемпиондары жамбылдық спортшылар – ерлер арасында Қазыбеков Ғани мен әйелдер арасында Өмірзақова Гүлнар болды. 1999 жылы ҚР жекелей чемпионатының үш дүркін жеңімпаздары Б. Әзімжанов пен А. Жақапбаеваға алғаш рет «Халықаралық дәрежелі спорт шебері» спорттық дәрежелері берілді.

2001 жылдан бері ҚР Туризм және спорт министрлігі ҚР ардагерлері, жасөспірімдер мен жастар арасындағы чемпионаттарды бөлек өткізіп келеді. 2006 жылы әр ойыншының жеке дәрежесін (рейтинг) есептеу тәртібі қайта енгізілді. 2007 жылы рейтинг бойынша тұңғыш рет «Спорт шебері» спорттық дәрежесін қостанайлық Д. Қасенова орындады.

Тоғызқұмалақты халықаралық деңгейде дамыту ісі 1989 жылдан бастап қолға алынды. Алғаш рет Орта Азия және Қазақстан фестивалі өткізіліп, бұл жарысқа көршілес елдерінің спортшылары шақырылды. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Монғолия тоғызқұмалақшылары бас қосқан бәсекеде қазақ елінің ақыл-ой шеберлері үздік көрінді.

Монғолия мен Қазақстан тоғызқұмалақшылары арасындағы спорттық байланыс 90-шы жылдардан бастап орнады. Сол кезде Алматыдағы Тоғызқұмалақ федерациясының жарысына

команданы Біләл Сүлейұлы бастап келіп, өз өнерлерін көрсеткен болатын. Алғашқы кездегі тығыз байланыстардың арқасында 1992 және 1995 жылдары Қазақстан құрамасы Баянөлгийге барып, семинар, үйрету сабақтары, жолдастық кездесулер өткізді.

1997 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жүлдесі үшін халықаралық жарыс өткізіліп, бұл жарысқа Моңғолия, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Қытай Азербайжан, Түркмения елдерінің спортшылары қатысып үлгерді.

2006-шы жылы ойынды халықаралық деңгейде дамыту мақсатында ұлттық ойынымыз тоғызқұмалақ тұңғыш рет 28 тамыз – 3 қыркүйек аралығында Англияның Лондон қаласында өткізілген Х-шы Халықаралық интеллектуалдық ойындар олимпиадасына енгізілген болатын. Бұл жарысқа Қазақстан, Англия, Франция, Ирландия, АҚШ, Гонконг және Чехиядан, барлығы 7 елден спортшылары қатысты. Бұл олимпиадада Қазақстан спортшылары барлық жүлделі орындарды жеңіп алды. І орынды астаналық Айдос Сейтжанов иеленген болатын.

2007 жылдың 28 қыркүйек 7 қазан аралығында Қазақстан құрама командасы Чехияның Прага қаласында өткен тоғызқұмалақтан Шығыс Еуропа елдерінің зияткерлік олимпиадасы өтті. Оған ҚР мемлекеттік жаттықтырушысы, Мақсат Шотаев, ҚР бас жаттықтырушысы А.Жақапбаева, ҚР құрама мүшелері Хакімжан Елеусінов, Асель Далиевалар қатысты. Жарысқа 6 елден: Қазақстан, Чехия, Германия, Испания, АҚШ және Польшадан барлығы 16 спортшы қатысты. Нәтижесінде қазақстандықтар тағы да барлық жүлдені иеленді. І орынды А.Далиева жеңіп алды.

2007 жылдың 19-22 желтоқсан аралығында Алтай Республикасының Горно-Алтайск қаласында Тоғызқұмалақтан І Халықаралық жарыс өтті. Оған Ресей, Қазақстан және Монғолияның ең таңдаулы спортшылары қатысты. Барлығы: 60 адам.

Сонымен қатар 2008 жылдың 01-08 маусым күндері ҚР президентінің жүлдесі үшін халықаралық жарыс барысында, шет елдерден келген делегаттармен бірлесе отырып, Халықаралық Тоғызқұмалақ Федерациясын құрды. Оған 6 ел мүше болды. Атап айтқанда: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Монғолия, Қытай және Ресей елдері. Федерацияның Президенті А.М.Байменов, Федерацияның штаб-пәтері Астана қаласы, 3 вице-президент, 20 атқару алқасының мүшесі болатын болып келісілді.

2008 жылдың наурыз айынан бастап Қазақстан Республикасы Тоғызқұмалақ Қауымдастығының www.9kumalak.com ресми сайты жұмыс жасай бастады. 2009 жылдың 15 қыркүйегінен канадалық Арти Сандлер, германиялық Ральф Геринг және қазақстандық Серік Ақтаевтің бастауымен әлемдік ғаламторда тоғызқұмалақ ойыны тіркеліп, www.iggamecenter.com сайтында тоғызқұмалақты онлайн жүйеде ойнайтын бағдарлама жасалды. Сонымен бірге интернетте қазақ, чех, ағылшын, орыс, түрік тілдерінде сайттар ашылып, жұмыс жасалуда. 2010 жылы тоғызқұмалақтан халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері Серік Ақтаев пен Диана Кенина және бағдарламашы Ернар Шамбаев бірігіп тұңғыш тоғызқұмалақтан компьютер бағдарламасын жасады.

2007 жылдың 2-8 тамыз аралығында Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Қазақстан Республикасы Тоғызқұмалақ федерациясымен бірлесіп (Түркияның) Стамбул және (Македонияның) Охрид қалаларында ұлттық ойын тоғызқұмалақтан халықаралық семинарлар мен жарыстар өткізген болатын. Бұл іс-шаралар 5-12 тамызда Охрид (Македония) қаласында өткізілген Түрік дүниесі жастарының XIII Құрылтайның мерзіміне сәйкестендірілді. Құрылтайда барлығы - 40 елден 250 делегация өкілдері болды.

2008 жылдың 26 қыркүйек – 02 қазан аралығында Чехия Республикасының Прага қаласында Тоғызқұмалақтан Шығыс Еуропа елдерінің зияткерлік олипиада бағдарламасында ІІ Халықаралық жарыс өтті. Оған АҚШ, Голландия, Қазақстан, Қырғызстан, Испания, Словакия және Чехияның спортшылары қатысты. Барлығы: 20 адам. Бұл спорттық шараны Чехиядағы Дескохрани клубы ұйымдастырды.

2008 жылдың 24-30 қараша күндері аралығында Қытайдың Үрімші қаласында жергілікті «Қазақ тіл, мәдениет-ғылым» қоғамының төраға орынбасары Асан Әбеуұлының шақыртуымен тоғызқұмалақтан Қазақстан құрамасы семинар-жиын өткізді. Атап айтқанда тоғызқұмалақтан мемлекеттік жаттықтырушы М.Шотаев, бас жаттықтырушы А.Жақапбаева және Алматы облысының аға жаттықтырушысы, құрама мүшесі А.Молдахметовалар ұлттық ойынды насихаттау барысында жергілікті зиялылар мен зияткерлік ойынға қызығушылық танытқан тұлғалармен бірнеше кездесулер жасады.

2009 жылдың 01-05 ақпан күндері аралығында Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласында Тоғызқұмалақтан І Халықаралық жарыс өтті. Оған Өзбекстанның Ташкент, Навои, Бухара

секілді қалаларының және Қазақстанның ең таңдаулы спортшылары қатысты. Барлығы: 36 адам. Жарыс ересектер және жастар арасында бөлек өткізілді. Бұл спорттық шараны Өзбекстан Республикасының Қазақ мәдениет орталығы ұйымдастырды.

2009 жылдың 01-05 ақпан күндері аралығында Францияның Канн қаласында Тоғызқұмалақтан I Халықаралық жарыс өтті. Оған Франция, Испания, Голландия, Бельгия, Швейцария, Чехия және Қазақстанның ең таңдаулы спортшылары қатысты. Барлығы: 24 адам. Жарыс тоғызқұмалақтан және овариенден өтті.

2009 жылдың 19-26 қазан аралығында Шымкентте тоғызқұмалақтан Азияның I ашық чемпионаты болып өтті. Чемпионатқа 9 елден барлығы 31 ойыншы қатысты: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Түркмения, Ресей, Монғолия, Қытай, Түркия.

Жарыс нәтижесінде тұңғыш Азия Чемпиондары болып ерлер арасында: Айдос Сейітжан (Астана/Қазақстан), қыздар арасында: Диана Кенина (Павлодар/Қазақстан).

2010 жылдың 1-7 қараша аралығында Астана қаласында Тоғызқұмалақтан I Әлем Чемпионаты өтті. Алғашқы Әлем Чемпионатына барлығы 19 мемлекеттен: Антигуа-Барбуда, Әзірбайжан, Германия, АҚШ, Испания, Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Өзбекстан, Грузия, Монғолия, Түркия – 2 адам, Түркменстан – 2 адам, Ресей (Алтай, Башқұртстан, Қарашай-Шеркесия, Татарстан, Тыва), Чехия, Швейцария, 43 спортшы, оның ішінде 25 ер, 18 әйел адам қатысты.

Классикадан ерлер арасында бірінші Әлем чемпионы Ғалымжан Темірбаев (Қазақстан). Классикадан қыздар арасында бірінші Әлем чемпионы Әсел Далиева (Қазақстан). Блицтен ерлер арасында бірінші Әлем чемпионы Ғалымжан Темірбаев (Қазақстан). Блицтен қыздар арасында бірінші Әлем чемпионы Әсел Далиева (Қазақстан) Тұңғыш Әлем Чемпионы атағын иемденді.

2011 жылдың 8-12 қыркүйек аралығында Швейцарияның Ле Тур де Пе-лийз қаласында тоғызқұмалақтан халықаралық жарыс өтті. Жарысты Овари халықаралық қауымдастығының төрағасы, профессор Жан Решитский ұйымдастырды. Осы жылдан бастап жүйелі түрде Швейцарияда тоғызқұмалақтан халықаралық деңгейдегі жарыс өткізіліп келеді.

2012 жылдың 13-20 шілде аралығында Пардубице (Чехия) қаласында Тоғызқұмалақтан II Әлем Чемпионаты өтті. II Әлем Чемпионатына 10 мемлекеттен (Германия, АҚШ, Ресей, Швейцария, Түркия, Украина, Латвия, Қырғызстан, Чехия және Қазақстан) 47 спортшы қатысты.

2013 жылдың 16-23 қараша күндері Павлодар қаласында II Азия Чемпионаты өтті. Осы жарыста тұңғыш рет классика, рапид, шапшаң ойын түрлерінен 3 жас ерекшелігі бойынша: ересектер, жастар, жасөспірімдер арасында өткізілді.

Жарысқа 9 елден 94 спортшы қатысты: Қырғызстан, Әзербайжан, Түркменстан, Түркия, Өзбекстан, Монғолия, Ресей, Қытай және Қазақстан.

2013 жылдың қараша айында Антигуа – Барбуда мемлекетінің Сент-Джонс қаласында 6 елден: Канада, Швейцария, Бельгия, Антигуа - Барбуда, Франция және Қазақстаннан 20 спортшы халықаралық жарысқа қатысты.

Дүниежүзінде тоғызқұмалақ тектес ойындардың халықаралық бірнеше федерациялары бар. Мәселен, овари, манкала, калах, жонглак. Олар аймақтары бойынша Африка, Америка, Индонезия және Еуропа елдерінде орналасқан. Міне, осы федерациялармен байланыс орнату арқылы ортақ тоғызқұмалақ тектес ойындардың халықаралық ассоциациясын құру бағытында жұмыстар жүргізіп, оның орталығын Астана қаласына айналдыру керек. Бұл іс-шара жүзеге асса еліміз зияткерлік ел ретінде танылып, бүкіл ғылыми-әдістемелік, туризм орталығына айналады.

Қазіргі кезде тоғызқұмалақ қауымдастығы овари федерациясымен бірлікте жұмыс жасау арқылы, Еуропада осы екі ойын түрі халықаралық олимпиадалардың бағдарламаларында бірге насихатталып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Ақшораев Ә. Тоғызқұмалақ даналығы. Тараз, 2000.
- 2 Ақшораев Ә. 60 сабақтық тоғызқұмалақ ойынының оқулығы. Тараз, 2001.
- 3 Ә. Алдамұратов, М. Мұқанов. Психология пәнінен лабораториялық-практикалық сабақтар. Бірінші бөлім, алматы, 1978. екінші бөлім, Алматы, 1979.
- 4 Ә. Алдамұратов және т.б. Жалпы психология. А., 1996. 5 Ә. Алдамұратов. Қызықты психология.-А., 1992.
- 6 С.Аманжолов. Тоғызқұмалақ. А., 1936. Қазақша және орысша.

РЕЗЮМЕ

Р.Б.Кадыбеков – Абай атындағы ҚазҰПУ магистр оқытушы

Б.Б.Ислямов – Алматы Университеті магистр оқытушы

М. Е. Құсмиденов – ПМПИ аға оқытушы **Е.Мерешев** – ПМПИ 4 курс оқытушы

РАЗВИТИЯ ИГРЫ ТОГЫЗКУМАЛАК НА МЕЖДУНАРОДНОМ УРОВНЯ

В статье рассматривается история выхода на международный уровень одной из древнейших интеллектуальных игр в истории человечества игры тоғызқұмалақ. Игра тоғызқұмалақ относящаяся к семейству Манкала возникла более 4 тысяч лет назад, в настоящее время выходит на международный уровень. Манкала – это большая семья игр с перекладыванием камешков. Её история по самым строгим предположениям насчитывает пять тысяч лет. Произошло это в колыбели цивилизации на юге и севере Америки, Африки, Европе и Азии, Австралии и выбитые в камнях ряды лунок найдены в некоторых островах. Настоящее время ассоциация тоғызқұмалак работая вместе с федерации овари, в Европе этот два вида игры пропагандируется в международной олимпийской программе

Summary

R.B.Kadyrbekov – Master Teacher Kazakh national University Pedagogikal named Abai

B.Islyamov – Master Teacher Pavlodar State Pedagogikal Institute

M.E.Kusmedynov – Master Teacher Pavlodar State Pedagogikal Institute

E. Mereshev - Student of Pavlodar State Pedagogikal Institute

DEVELOPMENT OF THE TOGYZKUMALAK GAME AT THE INTERNATIONAL LEVEL

The article discusses the history of access to the international level of the same ancient intellectual games in the history of mankind togyzkumalak games. Game togyzkumalak related to the family of Mancala occurred more than 4 thousand years ago, now it goes to the international level. Mancala is a large family games with the shifting stones. The story is the most stringent assumptions have five thousand years. It is happened in the cradle of civilization in South and North America, Africa, Europe, and Asia, Australia and embossed in the stone rows of holes found in some Islands. Now the Association of togyzkumalak is working together with the Federation of Ovari, in Europe, these two types of games promoted in the International Olympic program.

УДК 7896(075.8)

ЗАВИСИМОСТЬ СПОРТИВНЫХ РЕЗУЛЬТАТОВ ОТ МНОГОДНЕВНЫХ БИОРИТМОВ СПОРТСМЕНОВ ВЫСОКОЙ КВАЛИФИКАЦИИ

М.Т. Дауленбаев - доцент КазНПУ им Абая,

Л.Р.Кудашова - б.н., профессор, Кудашов Е.С. к.п.н

Оқу мазмұнының меңгерілуі қойылған мақсатқа сәйкес жүзеге асатын жекелеген кешендер түрінде ұсынылады. Мақсат оқушы үшін қойылып, онда тек оқылатын мазмұн көлемі ғана көрсетіліп қоймай, оны меңгеру деңгейі де анықталады. Сонымен қатар оқушы мұғалімнен жұмыс істеудің тиімді жолдары көрсетілген жазбаша нұсқау алады. Мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынас түрі өзгереді. Ол модульдер арқылы, басқарушы мен бағынушы арасындағы жеке қарым-қатынас процесі арқылы жүзеге асады.

Түйін сөздер: модульдік оқыту, технология, форма, мазмұн, тәсілдер, дамыту.

Модульдік оқыту әртүрлі мақсаттарға жету жолын көздейді: білім алушыға оқу әдісінің өзіне лайықты қолдануды; оқушыға өзінің әлді, әлсіз жақтарын анықтап, модульдің түзету тәсілін пайдалана отырып, көмектесуді; оқытудың әртүрлі формалары мен әрқилы әдістерін кіріктіруді; оқу материалының құрылған бірлігін икемді түрде пайдалану; кәсіби іс-әрекет деңгейіне білім алушының жоғары дайындығы арқылы жетуді; пәнаралық байланысты орнатып, оқудың сапасына білім мен білікті жүйелеу арқылы жетуді және т.б.

Модульдік оқытудың басты мақсаты - оқытудың ұйымдастырылуы бойынша және мазмұны бойынша адам бойындағы осы сәттегі қажеттілікті қанағаттандыруда кепілдік беретін әрі жаңа қажеттілікті анықтайтын икемді білім беретін құрылым құру [1].

Модульдік оқытудың біраздан бері қолданып келе жатқанына қарамастан, оны түсінуде, оның мазмұн құрылымын түрлендіруде, оқыту әдістері мен түрлерін өңдеуде әлі күнге дейін әр түрлі көзқарастар бар. Оқытудың мақсаты оқу-тәрбие үрдісінің барлық бөліктерін бір жүйеге байланыстыратын басты дидактикалық ұстаным болып табылады. Мақсаттар маман даярлау жүйесінің барлық жалпы бағытын айқындайды.

Оқыту мазмұнын таңдап алғаннан кейін сол мазмұнды жүйелеу мәселесі туындайды. Әсіресе, бұл оқу мазмұнын дербес модульдерге жіктеудегі модульдік оқытуға байланысты.

Даралық модульдердің мазмұны оқыту мазмұнын құрылымдау ұстанымдарын сақтай отырып жасалады және жинақы, әрі көрнекілік түрінде беріліп, дидактикалық материалдармен, дәлігірлік және қолданбалы міндеттермен қамтамасыз етілуі керек.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасы, әдістері, технологиялар білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне ыңғайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кез-келген үлгімен құруға мүмкіндік береді [2].

Ендеше, модульдік оқыту жағдайында оқу үрдісін басқару мәлімет беру үрдісіне бағытталған циклдігімен, білім алушының өзідігімен жұмыс істеуі және белсенділігін арттыратын өзін-өзі басқару мен басқарудың тиімді арақатынасын орнатуымен ерекшеленеді.

Модульдік оқытудың басқа оқыту жүйелерінен ерекшелігі мен айырмашылығы:

1. Оқу мазмұнының меңгерілуі қойылған мақсатқа сәйкес жүзеге асатын жекелеген кешендер түрінде ұсынылады. Мақсат оқушы үшін қойылып, онда тек оқылатын мазмұн көлемі ғана көрсетіліп қоймай, оны меңгеру деңгейі де анықталады. Сонымен қатар оқушы мұғалімнен жұмыс істеудің тиімді жолдары көрсетілген жазбаша нұсқау алады.

2. Мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынас түрі өзгереді. Ол модульдер арқылы, басқарушы мен бағынушы арасындағы жеке қарым-қатынас процесі арқылы жүзеге асады.

3. Оқушы көп уақыт өз бетінше жұмыс атқарады, ол мақсат қоюға, өзін жоспарлауға, өзін ұйымдастыруға, өзін бағалауға үйренеді.

Модульдік оқытудағы мақсат:

Оқушының өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту, оқу материалын өңдеудің жекелеген тәсілдері арқылы жұмыс істей білуге үйрену.

Бастапқы ғылыми идеялары:

1. Модульдік оқыту іс-әрекет принципіне негізделген; оқушының кейде ғана емес, жүйелі түрде белсенді іс-әрекеті болғанда ғана білім мазмұны саналы меңгеріледі.

Сондықтан мұғалім тапсырмаларды дайындағанда оқушыларды оқу мақсатына бағыттайды, оның қабылдауына жағдай жасайды, балалардың өзін-өзі бақылау және бағалау жүйесін анықтайды, сол арқылы өзін-өзі басқаратын рефлексивті оқыту процесін қамтамасыз етеді.

2. Модульдік технология дамыта оқыту идеясына негізделген:

Егер оқушы тапсырманы мұғалімнің немесе сыныптастарының көмегімен орындайтын болса, (дем беру, бағыт көрсету), онда ол өзінің жақын даму аймағында деп есептеледі. Бұл баланың психикалық функциясының жетілуіне септігін тигізеді, өйткені ол бүгін басқалардың көмегімен орындаған тапсырманы ертең өзі орындай алады, яғни бір цикл аяқталады да, оқушы актуальды даму аймағына енеді.

Модульдік оқытуда бұл цикл мұғалімнің оқушыға беретін көмегінің мөлшері мен мазмұнын саралап, оқу әрекетін формада (жеке, топтық, тұрақты жұптың және ауыспалы құрамда) ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады [3].

Тапсырмалар пәнішілік және пәнаралық байланыстың үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Олар: мазмұны мен танымдық деңгейі сараланған; проблемалы, проблеманы қою және оны шешуге бағыттайтын; білімді игеру механизмін көрсететін және қайталау материалын қосатын (таблица құрнастыру, салыстырмалы мінездеме беру) болуы керек және ол модуль мақсатымен кірістіріледі. Оқушының іс-әрекеті оның жақын даму аймағында өтеді де, баланың өзін-өзі басқаруына бағыттайды, қарым-қатынас дағдысын қалыптастырады, уақытылы тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, әр сабақта оқушының рефлексивті қабілетін жүзеге асырады.

Бұл технология:

- оқушы тұлғасының танымдық қабілеттері дамытуға;
- танымдық процестерді (жады, ойлау, зейін, елестету қабілеті) дамытуға;
- оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға;
- белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін дамытуға;

тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны жеке білу, қарым-қатынас, ойын, танымдық, қауіпсіздік, сыйласу, шығармашылық, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді [3].

Бұл технологиямен жұмыс бастаған алғашқы жылы мұғалім сабақтардың құрылымын, формасын және мазмұнын өзгертеді. Көп жағдайда мұғалім оқу процесін басқарып қана, оқушылардың өзіндік дербес танымдық қызметін ұйымдастырады. Ұйымдастырушы, кеңесші, «фасилитатор» рөліне көшу мұғалімнен өзінің сана-сезімін, оқушыларға қатынасын, эмоциялық және ақыл-ой қуатын қайта құруды талап етеді.

Мұғалім мен оқушы өздерін нық сезініп, өз күштеріне сене бастайды. Ендігі таныс болып алған оқыта үйрету ойындары (сабақтарда олардың тек мазмұны ғана өзгереді) мұғалімнің оларды жүргізу ережесін түсіндіруге кететін уақытын үнемдейді. Оқушылар үнемі өзара сөйлесіп, өзара қатынаста болуға әбден төселеді, бұл олардың өз ойларын дұрыс қиыстырып, сыртқа еркін шығарып айиуына мүмкіндік береді [4].

Тақырыбы: 3-сыныпта өткенді қайталау

Мақсаты: Білімділік: Сөйлем, сөйлем мүшелері, түрлері, дыбыс, әріп, буын, тасымал жайлы білімдерін қалыптастыру.

Тәрбиелілік: Оқушыларды еңбек сүйгіштікке, адамгершілікке, өз тілін құрметтеуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Дамытушылық: Оқушылардың шығармашылық, ойлау, есте сақтау, өз бетінше жұмыс істеу қабілеттерін дамыту.

Қосымша пайдаланатын материалдар:

  «Қазақ тілі» Исаев

  «Қазақ тілі» Қалиев

Оқушы нені білу керек:

1. Дыбыс, әріптің түрлерін

2. Буын, тасымалдың түрлерін
3. Сөйлемнің түрлерін
4. Сөйлем мүшесінің түрлерін

Оқушы нені меңгеру керек:

1. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, олардың ерекшеліктерін меңгеру
2. Буын мен тасымалдың жасалу жолдарын және олардың ерекшеліктерін меңгеру
3. Сөйлем түрлерінің ерекшеліктерін меңгеру
4. Сөйлем мүшелерінің анықтамаларын, олардың қызметтік, шартты белгілерін меңгеру керек.

Шығармашылық жұмыстардың тақырыбы:

1. Ребусты шеш. Шыққан жауабының мағынасын түсіндір.
2. Сөзден асқан байлық жоқ, ... Мына мақалдың жалғасын тап.

Үшінші жыл көптеген оқушыларда пәнге тұрақты қызығушылық пайда болуымен сипатталады.

Бұл кезеңде оқушылар оқу процесін осылайша ұйымдастырудың артықшылықтарын түйсіне бастайды, өйткені үй тапсырмасының көлемі азаяды, оқу материалы есте жақсы сақталады, оқушының сөйлеу тілі, қисынды ойлауы дамиды, қорқыныш, мазасыздық сезімі жойылады, өзін таныту мүмкіндігі пайда болады және т.с.с. [5].

Оқушылар өзара сөйлесудің, оқыта үйрету ойындарының (олардың негізгі мазмұны-оқу материалы) артықшылығын көреді. Оқу материалына бірнеше мәрте қайта оралу, бір күрделілік деңгейінен екіншісіне қиындықсыз өту оқу модулінің соңында біршама жоғары балл алуға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың өз күшіне сенуіне және оларда оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға ықпал етеді. Дарынды балалар сабақта жүйелі түрде, үнемі аса жоғары күрделілік деңгейінде жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады, бұл олардың интеллектуалдық қуатын жүзеге асыруға ықпал етеді. Көсемдік (лидерлік) қабілеттері бар оқушылар «кеңесшілер» немесе «жүргізушілер» рөлдері арқылы өздерін танытады. Бұл тек олардың бағдарламалық материалды басқа оқушыларға қарағанда тезірек орындағанына ғана мүмкін болады. Үшінші жылдың соңына қарай бағдарламалық материалды «жақсы» және «өте жақсы» меңгерген оқушылар саны тұрақты түрде артады.

Үшінші жыл көптеген оқушыларда пәнге тұрақты қызығушылық пайда болуымен сипатталады.

Бұл кезеңде оқушылар оқу процесін осылайша ұйымдастырудың артықшылықтарын түйсіне бастайды, өйткені үй тапсырмасының көлемі азаяды, оқу материалы есте жақсы сақталады, оқушының сөйлеу тілі, қисынды ойлауы дамиды, қорқыныш, мазасыздық сезімі жойылады, өзін таныту мүмкіндігі пайда болады және т.с.с.

1. Амонашвили Ш.А. *Воспитательная и образовательная функция оценки учения школьников*. М., 1984. 238 с.

2. Қ.Р. «Білім туралы» Заңы. Алматы, 2000.

3. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқу технологиясы» Ақтөбе., 1998. 180 б.

4. Ильасова И.И. *Структура процесса учения*. М., 1986. 182 с.

5. Тұрғынбаева А.Б. «Дамыта оқу технологиясы» Алматы., 2002

Резюме

С.Кожажелдиева к.п.н., доцент - Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан E-mail: saule_611@mail.ru

Новые технологии обучения являются требованием времени.

Модульное обучение рассматривает все пути для достижения разных целей. Учитель, который начал работу по этим технологиям, в первые годы меняет состав уроков их формы и значение. Развивает возможность самостоятельной работы ученика, учится работать с помощью обработки отдельных способов учебного материала.

Целью обучения соединить учебно-воспитательный процесс в единое целое является лозунгом дидактики. После выбора учебного в процессе содержания выходит вопрос как его использовать.

Обучение учебного содержания выполняется в виде личного пространства. Отношение учителя с учеником поменяется. Он с помощью модулирования, между управляющим и подчиненным, выполняется через личный процесс отношения.

Ключевые слова: модульное обучение, технология, форма, содержание, методики, развивать.

Summary

S.Kojageldieva associate professor – International Kazakh-Turkish University named after Kh.A.Yassawi, c.Turkistan. E-mail: saule_611@mail.ru

New pedagogically technologies is requirement of time

The modular training provides a way of achieve of the goals. The first year of beginning of the work with this technology, teacher will change the lesson's structure, from and contents it develops the chance of the pupil doing works on their own it will learn to work by the processing techniques of educational material.

Aims of study is connect the educational process in to a single unit and it is the slogan of didactics. After choice educational content appears the question how to use it in the process.

Training of studing content is executed in the form of personal space. Attitude between teacher and pupil will change. It is through modeling, between manager and subordinate is performed through personal process of attitude.

Key words: modular traning, technology, form, content, methods, develop.

ӘОЖ 371,1

Оқушылардың білім сапасын арттырудағы оқу іс-әрекетінің бағыттары

PhD доктор, доцент м/а А.А.Куралбаева – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университететі, Түркістан қаласы, E-mail: kural-aliya84@mail.ru

Бұл мақалада оқушылардың білім сапасын арттыруда оқу іс әрекеті мәселесінің зерттелу деңгейі мен теориялық негіздері қарастырылады. С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов т.б. ғалымдардың оқу іс-әрекет бағыты бойынша көзқарастарына талдау жасалған.

Мақала тақырыбының өзектілігі соңғы уақыттағы бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруға ерекше көңілдің бөлінуіне байланысты. Қарастырылып отырған мақалада іс-әрекет, оқу мақсаты, оқу нәтижесі, оқу іс-әрекеті түсініктеріне қатысты сұрақтар ашылады. Білім сапасы қазіргі уақытта жаңа оқыту технологияларын енгізу арқылы білім мазмұнын кеңейтуге және тереңдетуге жол ашады. Оқушылардың білім сапасын арттыру мәселесі бойынша іс-әрекет, оқу мақсаты, оқу нәтижесі, оқу іс-әрекеті ұғымдарына тұжырымдар жасалған.

Кілт сөздер: іс-әрекет, оқу мақсаты, оқу нәтижесі, оқу іс-әрекеті.

Оқушылардың білім сапасын арттыру оқыту/оқу үдерісін құраушы, жүзеге асырушы элементтерге, бөліктерге және оларды танып білуге, үдерісті ұйымдастыруға байланысты.

С.Л.Рубинштейн зерттеулеріндегі оқуды талдаудың іс-әрекеттік жүйесі. Оқуды іс-әрекет ретінде қарастырудың алғашқы бағыттары С.Л.Рубинштейн мен Л.Н.Леонтьев еңбектерінен белгілі. С.Л.Рубинштейн оқуды іс-әрекеттің ерекше түріне бөлді. Мұнда оқу - білім, іскерлік, дағдыларды меңгеру нәтижесі ғана емес, мақсат болып табылады.

Аталмыш пікірдің бірнеше маңызды сәттері бар:

- Оқу - бұл іс-әрекеттің ерекше түрі.

Оқу = іс-әрекет

- Оқу мақсаты мен нәтижесі іс-әрекет ретінде сәйкес келеді.

Оқу мақсаты = оқу нәтижесі

- Оқудың нәтижесі мен мақсаты үйрену, білімдер мен дағдыларды меңгеру болып табылады.

Оқу мақсаты = оқу нәтижелері = (үйрену, білім, іскерліктер) [1, 465-470 б.].

Жалпы алғанда:

Оқу - бұл мақсаты мен нәтижесі үйрену, яғни білімдер мен іскерліктерді меңгеру болып табылатын іс-әрекет.

Мақсат - бұл оқушының оқу іс-әрекетіне кіретін жекелеген әрекеттерді орындауға бағыттылығы.

Мақсатқа бағытталған әрекет - әрекет үдерісінде жаңа мақсаттар құрылады (мақсатқа сәйкестілік) және іс-әрекет құрылымда әрекеттің орны өзгереді. Егер мақсат әрекетті орындау тәсілімен орнықты байланыс орнатса, онда әрекет операцияға айналады. Әрекет ұғынылып, іс-әрекет құрылымында басқа әрекетті орындау шартына айналады, яғни «мақсаттың шартқа қарай қозғалысы» өтеді, соның нәтижесінде әрекет дербес іс-әрекетке айналады.

А.Н.Леонтьевтің, Д.Б.Элькониннің, В.В.Давыдовтың және т.б. оқу іс-әрекеттің бағыты бойынша көзқарастарына тоқталып өтер болсақ. Жеке адамның дамуы мен тәрбиелеу, оқу мәселелері А.Н.Леонтьевтің психологиялық көзқарастары жүйесінің негізіне кіреді. Адам психикасына қоғамдық-тарихи бағытты дамыта отырып ол адамдарға тәжірибенің үш түрін: тума, жеке-дара және адамзаттық өмірден игерген тәжірибесін бөліп шығарады.

Бұл тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа тарату арнайы ұйымдастырылған, бірлескен іс-әрекет түрлері (оқыту мен тәрбиелеу) арқылы жүзеге асады [2].

А.Н.Леонтьевтің көзқарасы бойынша баланы оқыту мен тәрбиелеу:

1) олардың қоғамдық-тарихи белгіленген қабілеттерді меңгеру мен қайта жаңғыртуының ерекше түрі;

2) оның психикалық дамуының біртұтас процесі мен қажетті формасы.

А.Н.Леонтьев іс-әрекеттің мотивациялық-мақсаттық қырларын зерттей отырып, оқушы үшін шынайы мағынасы - оның оқилатын пәнге деген қатынасын ашып көрсетті.

Меңгерілетін білімдердің тұлғалық мағынасының шешуші рөлі оқу іс-әрекетінің саналылығы мен оқыту кезіндегі тәрбие үстемдігін анықтайды. Адамның тәрбиесі оқу мотивін тудырады және оның нағыз мағынасын қалыптастырады.

А.Н.Леонтьев қоғамдық тәжірибені меңгерудің қажетті шарты ретінде аға ұрпақтың жас ұрпақпен қарым-қатынасын бөле отырып, оқуға деген бағытты коммуникативті іс-әрекет ретінде генетикалық жағынан белгіледі [3].

Оқуға баланың жетекші іс-әрекеті ретіндегі бағытты А.Н.Леонтьев белгіледі. Жетекші іс-әрекетті - қарапайым іс-әрекет емес, баланың көп уақытын алатын, оның психикалық дамуын қамтамасыз ете отырып, оны дамудың келесі кезеңіне даярлайтын іс-әрекет ретінде анықтады.

Баланың жетекші іс-әрекеті мына үш процеспен сипатталады:

- біріншіден, бұл ішінде жаңа іс-әрекет түрі ажыратылатын іс-әрекет;

- екіншіден, жетекші іс-әрекет - жекелеген психикалық процестер қалыптасатын немесе қайта құрылатын іс-әрекет;

- үшіншіден, жетекші іс-әрекет - бұл бала тұлғасының негізгі психологиялық өзгерістерінің тәуелді даму кезеңіне тән іс-әрекет болып табылады.

Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов зерттеулерінде оқу іс-әрекеті дербес зерттеу пәні ретінде бөлініп шығады.

Д.Б.Эльконин кіші мектеп жасындағылардың оқу іс-әрекетінің қалыптасуының психологиялық мәселелерін талдай келе, осы жастағылардың негізгі жаңа құрылымдарын оқу іс-әрекеті мен оның деңгейлерінің қалыптасу процесін талдаудан тыс түсіндіру мүмкін еместігін айрықша атап өтті. Оның пікірінше, оқу іс-әрекетінің мектеп жасында жетекші болу себебі, біріншіден, баланың қоғаммен негізгі қатынастары сол арқылы жүзеге асады, екіншіден, мектеп жасындағылардың негізгі тұлғалық сапаларымен қатар, жекелеген психикалық қасиеттерінің қалыптасуы осы процесте жүзеге асады [4].

Д.Б.Элькониннің оқуды іс-әрекет ретінде зерттеулерінің маңызды теориялық тезистері төмендегідей.

Оқу міндеттерінің, яғни оқу мақсаты мен оқу іс-әрекетінің құрылымдық элементтерін бөліп шығару. Оның пікірінше, оқу міндетінің басқа міндеттерден басты айырмашылығы оның мақсаты мен нәтижесі әрекет етуші субъектінің өзгеруімен тұжырымдалады.

Оқу іс-әрекеті мен меңгеру ұғымдарын ажырату. Меңгеру оқу іс-әрекетінің негізгі мазмұны болады және оқу іс-әрекеті деңгейінің құрамымен анықталады. Ол тек оқу іс-әрекеті ғана емес, ойын, практикалық міндеттерді шешу процесінде де мүмкін болатын процесс.

Оқу іс-әрекетінің қалыптасуының маңызды жағдайлары белгіленген. Бұл баланың мектепке бару сәтіндегі оқу іс-әрекетінің жаңадан басталуымен байланысты. Аталмыш жайттар ретінде меңгерілетін материал мазмұны, оқудың нақты әдістері мен оқу жұмысын ұйымдастыру формалары қарастырылады.

Оқу іс-әрекетінің қалыптасу көрсеткіштерін өңдеу қажеттілігі туралы мәселе қойылады.

Д.Б.Эльконин бастауыш оқу міндеттерінің жүйесіне оқу іс-әрекетін қалыптастыру міндеттерін қосу қажеттігі туралы мәселе қойып, оқу процесін оқу іс-әрекетінің элементтерін құрайтындай етіп ұйымдастыруды бастады.

В.В.Давыдов оқу мен тәрбиелеу мәселелерін зерттеудегі іс-әрекеттік бағытты дамыта отырып, олардың арақатынасын адам санасы мен тұлғасы қалыптасатын іс-әрекеттің шығуы мен даму заңдылықтарын зерттеу тұрғысынан талдайды. В.В.Давыдовтың оқуды іс-әрекет ретінде зерттеуінің неғұрлым маңызды теориялық жағдайлары төмендегідей:

1. Іс-әрекеттің адамның психикалық дамуының бастау ретінде қарастыру.

2. Адамның онтогенетикалық дамуындағы іс-әрекет түрлерінің генетикалық берілуін бөліп шығару (эмоционалды қатынас, заттық-манипуляциялық оқу, ойын, қоғамдық пайдалы, оқу-кәсіби іс-әрекеттер).

3. Меңгеру процесін оқу іс-әрекетіне тән тікелей мақсаты мен міндеті ретінде қарастыру.

4. Оқу іс-әрекетінің арнайы қажеттіліктері мен мотивін белгілеу.

5. Оқу іс-әрекетінің жалпы психологиялық мазмұнын: адамдардың теориялық санасының (ғылыми, көркемдік, адамгершілік) өзара байланысты формаларын бөлу.

6. Бастауыш мектеп жасындағылар (6-10 жас) үшін оқу іс-әрекетін жетекші ретінде бөлу. Оқу міндеттерінің өзіндік маңызды сипатын бөлу.

7. Шәкірттерге оқу міндеттерін қоюдың мазмұнын ашу.

8. Жалпылауды мазмұндық және формалды эмпирикалық түрге бөлу.

9. Оқу әрекеттерін типке бөлу.

10. Оқу материалын ашу қағидаларын бөлу.

11. Іс-әрекет құрамын қалыптастырушы жаңа қажеттіліктерге, мотивтер мен оқу әрекеттеріне бөлу [5].

Л.Б.Ительсон оқу әрекетінің құрылымы мен жағдайлары бастауларын талдай отырып, оның екі маңызды сипатын белгілейді:

- оқу арнайы адам іс-әрекеті болып табылады;
- оқу белсенді танымдық іс-әрекет.

Оқу іс-әрекетінің танымдық сипаты басқа зерттеушілердің еңбектерінде де қарастырылған.

Оқу іс-әрекетінің еңбектік сипаты бастауыш мектеп жасындағылардың оқу еңбегінің ерекшелігі туралы мәселе А.И.Липкинаның еңбектерінде қойылды.

А.Н.Воронин мен В.Н.Дружинин зерттеулерінде оқу-әрекеті ұстаз бен оқушы үшін өзінің белгілі нәтижесі бар іс-әрекет ретінде қатысады. Оқыту үдерісі - оқушы күнделікті қатысатын шиеленісті жүйелі еңбек.

Оқыту мәселесін зерттеудегі іс-әрекеттік әдіснаманы пайдалану оқу іс-әрекетінің (еңбек, танымдық, коммуникативтік) негізгі белгілерін жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде көптеген ғылыми мектептердің субъектілер мен осы тақырыптағы әдебиеттерді талдауы іс-әрекеттің бірқатар маңызды мәселелерін төмендегіше бөлуге мүмкіндік береді.

- Іс-әрекетті психология пәні ретінде бөлу.
- Іс-әрекеттің нақты психологиялық мазмұнын ашу.
- Іс-әрекетті жүйелік құрылым ретінде түсіну.
- Іс-әрекетті құрылымдық бірліктерге бөлшектеу.
- Іс-әрекеттің сипаты мен ерекшеліктерін, жалпы заңдылықтарын бөлу.
- Іс-әрекеттің сыртқы және ішкі құралдарын бөлу.
- Іс-әрекет түрлері мен формаларын бөлу, оларды сипаттау.

- Заттық іс-әрекетті генетикалық бастапқы және адам іс-әрекетінің басқа түрлерінің қалыптасуы үшін негізі ретінде мойындау.

- Сыртқы практикалық және ішкі психикалық іс-әрекет құрылымының бірлігін түсіну.

- Психикалық бейнелеу формаларының қалыптасып, дамуының іс-әрекет құрылымы ерекшеліктерінің бейнелеуге тәуелділігі ашылды.

- Іс-әрекет бағытын - психологияның негізгі әдіснамалық принципі ретінде бөліп шығару.

- Іс-әрекетті жүйелі зерттеудің идеалды теориялық үлгісін өңдеу.

Іс-әрекеттің негізгі сипаттарын талдау бойынша оны болашақта зерттеу жолдарының қысқаша тұжырымдары:

1. Іс-әрекеттің заттық сипаты.

2. Іс-әрекеттің белсенді сипаты. Іс-әрекеттің белсенді сипаты субъекті іс-әрекетін жанамалауын психикалық бейнелеу белсенділігіне байланысты және төмендегі жағдайларда көрінеді:

- субъекті іс-әрекетінің таңдамалылығы мен бағыттылығы;

- психикалық, оның ішінде психикалық бейне тудыратын танымдық үдерістің шығармалылық өнімді сипаты.

3. Іс-әрекет объектісі мен субъектінің бірлігі іс-әрекет, субъект-объект қатынасы мен олардың өзара байланысын талдау арқылы ашылады. Іс-әрекетте объекті мен субъектінің бірлігі тұжырымдалған.

4. Іс-әрекеттің процессуалды сипаты. Іс-әрекет субъект-объект арасындағы өзара алмасулар жүзеге асатын үдеріс ретінде жарыққа шығады. Іс-әрекет үдерісінде объектінің субъективті бейнеленіп (іс-әрекет пәні), сонымен бірге осы объектінің мақсатқа сәйкес іс-әрекет өніміне айналуы жүзеге асады.

5. Іс-әрекеттің икемділігі. А.Н.Леонтьевтің көрсетуінше, іс-әрекеттің ішкі жағдайы, алғышарты, сонымен бірге реттеушісі - субъектіні ізденіске итермелейтін алғашында нақты пәнге бағытталмаған қажеттілік болып табылады. Осы арада іс-әрекеттің икемділігі - оған тәуелсіз объектілердің қасиеттерін ұқсастыруда байқалады.

Ұқсастыру үдерісінде қажеттіліктің өз пәнін табуы арқылы қажеттіліктердің заттануы өтеді. Бұдан әрі субъект іс-әрекеті пәнге емес, оның бейнесіне бағытталады. Бейненің тууы екі жақты үдеріс: бір жағынан - объектінің субъектіге, екінші жағынан - субъектіге әсері жүзеге асады. Бейнелер субъектіге тән әрі оның қажеттіліктеріне тәуелді болады. Іс-әрекеттің субъективті бейнесіне адам өмірі мен тәжірибе кіреді.

6. Іс-әрекеттің сыртқы және ішкі формаларының ажырамас генетикалық бірлігі. Іс-әрекет пен психика арақатынасы мәселесін талдай отырып, Б.Ф.Ломов кез келген іс-әрекеттің ішкі және сыртқы жағы болатынын әрі олардың өзара ажырамас байланыста болатынын атап өтті.

Кез келген сыртқы әрекет субъектінің ішінде өтетін үдерістермен жанамаланады, ал ішкі процестер қалайда болмасын сыртқа көрініс береді. Сыртқы және ішкі іс-әрекеттің органикалық жүйе ретіндегі жалпылығы бәрінен бұрын оның генетикалық туыстығына байланысты. Барлық іс-әрекеттің

генетикалық бастапқы формасы іс-әрекеттің сыртқы бейнесі болып табылады. Ішкі іс-әрекет екіншілік, ол сыртқы заттық іс-әрекеттің интериоризация үдерісінде қалыптасады.

7. Іс-әрекеттің мақсатқа бағытталған сипаты. Адам іс-әрекетінің негізгі айырмашылығы оның саналылығы және мақсатқа бағыттылығымен тұжырымдалады. С.Л.Рубинштейннің пікірінше, іс-әрекет арқылы адам өз мақсаттарын жүзеге асырады және ол арқылы әлеммен байланыс орнатады.

8. Іс-әрекеттің тасымалданушылық сипаты. Іс-әрекет құрылымы біртұтас жүйе ретінде өзгеріп, тасымалдануы мүмкін. Іс-әрекеттің құрылымдық компоненттері де өз қызметтерін өзгертіп, өзара орын алмасады.


9. Адам іс-әрекетінің басты сипаты - оның өзгеруі болып табылады.


Сонымен, іс-әрекеттің негізгі сипаттамаларын жүйелі зерттеу психологияның қазіргі даму кезеңіндегі іс-әрекет проблемасының негізгі үдерістерін жетілдіруді айқындайды.

 Монахова Г.А. *Образование как рабочее поле интеграции /Педагогика.* – 1997. – № 5. – С. 52-55.

 Светловская Н.Н. *Об интеграции как методическом явлении и ее возможностях в начальном обучении // Начальная школа.* - 1990. - №5. - 61 с.

 Леонтьев А.Н., Лурия А.Д. *О формировании способностей.* - М.: Педагогика, 1971. - 33 с.

 Эльконин Д.Б. *Избранные педагогические труды.* - М.: Международная педагогическая академия, 1995. - 221 с.

 Давыдов В.В. *Учебная деятельность: состояние и проблемы исследования // Вопросы психологии.* - 1996. - №1. – С. 5-9.

Резюме

PhD доктор, и/о доцента А.А.Куралбаева - Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан E-mail: kural-aliya84@mail.ru

Направления учебной деятельности в повышении качества образования школьников

В данной статье рассматриваются теоретические основы и уровень исследования проблемы учебной деятельности в повышении качества образования школьников. Проанализированы взгляды ученых по проблеме учебной деятельности С.Л.Рубинштейна, А.Н.Леонтьева, Д.Б.Эльконина, В.В.Давыдова и др.

Актуальность темы статьи связана с уделением особого внимания в последнее время проблеме повышения качества образования учащихся начальных классов. В рассматриваемой статье раскрыты вопросы связанные с понятиями деятельность, учебная цель, учебный результат, учебная деятельность. На современном этапе качество образования открывает пути расширения и углубления содержания образования через внедрение новых технологий обучения. Научно обоснованы такие понятия как деятельность, учебная цель, учебный результат, учебная деятельность.

Ключевые слова: деятельность, учебная цель, учебный результат, учебная деятельность.

Summary

PhD doctor, acting associate professor A.A.Kuralbayeva – International Kazakh-Turkish University named after Kh.A.Yassawi, c.Turkistan. E-mail: kural-aliya84@mail.ru

Areas of training activities to improve the quality of education students

This article discusses the theoretical basis and the level of research problems of educational activity in improving the quality of school education. Analyzed vzlyad scientists on the problem of educational activity of S.L. Rubinstein, A.N.Leontiev, D.B.Elkonin, B.B.Davydov and others.

The relevance of article topics associated with a particular focus in recent years the problem of improving the quality of education of primary school pupils. In this article of rasskryty questions related to the concept of activity, educational purpose, learning outcome, learning activity. At present, the quality of education opens up ways to expand and deepen the content of education through the introduction of new learning technologies. Scientifically substantiated concepts such as work, training goal, learning outcome, learning activity.

Keywords: activities, educational purpose, learning outcome, learning activity.

ӘОЖ 372.357 574

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ДАМУЫНА ТИГІЗЕТІН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ӘСЕРІ

Г.Жаңабай – ХҚТУ магистранты

Аңдатпа. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты және де мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі. Бала-біздің болашағымыз. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағын көрсетеді. Бұл - үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты - баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуын қарастыру. Сонымен қатар балаларды қоршаған ортамен таныстыру – баланың ұжымда, қоғамда және мектепке ойдағыдай бейімделуі және қоршаған ортаға қамқорлық жасау, қоршаған орта құбылыстарына байланысты түсініктерін және адамгершілік қағидаларын бойына сіңіру маңызы жайлы.

Түйін сөздер: қоршаған орта, табиғат, түсіну.

Қазіргі уақытта адамзат ауасын тыныстап, суын ішіп отырған табиғатты қорғау, аялау барша жұртқа тіршілік қамы, табиғи қажеттілік. Мектеп жасына дейінгі балаларға айналадағы табиғи және қоршаған ортамен үнемі қарым-қатынаста болуға үйрету, олардың ұғымдарын қалыптастыру, қоршаған ортаға деген жанашырлыққа тәрбиелеу қазіргі балабақшадағы тәрбие ісінің өзекті тармақтарының бірі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты және де мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі. Бала-біздің болашағымыз. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағын көрсетеді. Бұл - үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты-баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуын қарастыру.

5-6 жастағы балаларды түсіну деңгейіне сәйкес қоршаған ортамен таныстырудағы мақсат қоғамдық өмірде және онда болып жататын құбылыстармен таныстыру барысында балалардың

элеуметтік дағдыларын дамыту. Баланың ұжымда, қоғамда, мектепке бейімделуі ойдағыдай қалыптасуы үшін қажетті тұлғаның қасиетін бойларына сіңіру. Ал міндеттері мынадай болып келеді:

- қоршаған орта заттарына, қолымен жасалған заттарға қамқорлықпен қарау жөнінде қарапайым білім жүйесін қалыптастыру;

- қоршаған ортаның ақиқат құбылыстарына қызығушылық білдіруге тәрбиелеу, элеуметтік байланыстарды жасауға, қазіргі өзгермелі дүниеге бірдей бейімделуге үйрету;
- заттық әлеммен және қоршаған элеуметтік құбылыстармен байланысты адамгершілік қағидаларын, түсініктерін, өзін-өзі ұстау мәдени дағдыларын қалыптастыру. [1]

“Біз мектепке барамыз” мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы бойынша “Қоршаған ортамен таныстыру” сабағының өтудегі мазмұнына тоқталсақ, адамның өмір сүру салтына, адамдар мен жануарлардың жердегі, судағы, ауадағы, қимыл-қозғалыс тәсілдеріне қызығушылық таныта бастайды. Нақты жағдайларда кейбір мінез-құлық ережелерін есте сақтаулары мүмкін. Тарих, мәдениет бойынша қарапайым мағлұматтарды игеруге қабілетті. Балалар карталар мен атластардың құрылымымен танысуға дайын: оларды қарап, үлкендерге сұрақтар қояды. Оларды маркалар, белгішелер, тиындар, өз елі мен басқа елдердің тулары мен елтаңбалары қызықтыра бастайды.

Әр бала балабақшадан мектепке жеңіл, еш қиындықсыз өтуі үшін «Қоршаған ортамен таныстыру» сабағының мазмұны толығырақ тоқталсақ ,

1-бөлім. Мен және қоғам : Мен және менің отбасым. Менің мектебім. Мамандықтар Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының көп түрлілігі

2-бөлім. Менің туған елім : Туған елім.

3-бөлім. Тарих беттерінен : Қазақстанның тарихи тамырлары. Өнер және мәдениет. Тәуелсіз Қазақстан. [2]

Атақты психолог Л.С.Выготский психологиялық зерттеулерінде баланы мектепке даярлау мәселесіне ерекше назар аударған: “5-6 жаста балалар табиғаттағы заттардың қайдан, қалай пайда болғандығына қызығып, олардың дамуы жөнінде алған білімдері мен өздігінше бақылағандарын байланыстыра ой қорытындысын жасайды, себебі бұл шақта баланың көрнекі-бейнелік ойлау қабілеті жетіліп, логикалық ойдың алғашқы сатылары қалыптаса бастайды. Бала жеке заттарды және табиғат құбылыстарын біліп қана қоймай, олардың себептерін түсінуге тырысып, үлкендерге жиі сұрақтар қояды”-дейді.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің мазмұнына балалардың заттар (мата, әйнек, металл, қағаз, қатты қағаз, пластмасса, резина, тері және т.б.) жасайтын материалдары арқылы, сонымен қатар, осы заттар мен материалдарға тән (дәм сапасының әртүрлілігі, түстері мен түрлерінің, жұмсақ-қаттылығы, мөлдірлілігі немесе мөлдір еместігі, тегістігі немесе кедір-бұдырлығы, жеңілдігі немесе ауырлығы және т.б.) қасиеттері туралы білімдерін кеңейту; заттардың құрылымы және оған материал таңдау олардың қолданылуына байланысты екендігі жайлы түсініктерін жалпылау енеді. Мектепке дейінгі балаларды өздері түсіне алатын қоғамдық құбылыс-тармен және оқиғалармен: еліміздің астансы – Астанамен, ел басымыз Н.Ә.Назарбаевтің өмірімен, оның атқаратын қызметімен, елімізде болатын мереке күндерімен таныстырады. Қоғамдық құбылыстармен, оқиғалармен танысу балалардың бойында еліміздің қоғамдық өміріне деген қызығушылықтарын тәрбиелеуге, Отанға деген сүйіспеншілік және интернационализм негіздерінің қалыптасуы осы мазмұндамада көрсетіледі.

Ғалымдар табиғат туралы қарапайым білім беру барысында баланың дүниетанымын қалыптастырып, ақыл-ойын, тілін дамытуға болады дей отырып, осы мәселені тереңдей зерттеген. Оған дәлел мектеп жасына дейінгі педагогика тарихына көз жіберетін болсақ, бұл мәселе қай кезеңде өмір сүрген педагогтар болмасын, олардың тәлім-тәрбиелік ілімдерінің негізі болғандығын көрсетіп отыр. Тәлімгерлердің қайсысы болмасын өздерінің оқыту тәрбиелеу жүйесін жасау барысында, балаға қарапайым табиғат сырын ұғындырудың және түсінігін қалыптастыру қажеттілігін мойындай отырып, оның мазмұны мен көлемін анықтауға үлес қосқан.

Ғылыми жұмыстарға шолу жасап, табиғатты оқыту мәселесіне тоқталған кезде, негізінен ТМД елдері ғалымдарының ебегіне жүгінуге тура келеді. Себебі соңғы жылдарға дейін (1950-60 жылдар) Қазақстанда тікелей бұл мәселемен шұғылданған ғалымдар болмады. Орыс балабақшаларының бағдарламаларын аударып, сондағы талап-тілектерді жүзеге асыру мақсаты ғана орындалып отырғандықтан, әдістемелік еңбектер де аударма қалпында қалып келді. Оның бастауы 20-30 жылдардан мектеп жасына дейінгі педагогика ғылымының мәселелерімен шұғылданған Е. И.

Водовозова (1913), Н. К. Крупская (1917), Е. И. Тихеева (1928), Л. К. Шлегердің (1930) педагогикалық еңбектері болған (30-35).

Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым ғылыми білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып олардың ой – өрісін, білім дәрежесінің деңгейін кеңейту, сана-сезім, таным, қабылдау әрекетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігінің қалыптастыру қажеттігін баса айтады ғалымдар.

Дегенмен де қазірге кезде балалардың даму деңгейін, білуге, білімге ынталы екендігін педагогикалық психология саласындағы зерттеулер дәлелдеп отыр. Сол себепті балалардың теориялық ойлау операцияларын дамыту, олардың белгілі-бір объектінің ішкі сырын ұғынып, оның себеп-салдарын, заңды байланыстырып таба білуге, қарапайым логикалық ой-қорытындыларын жасауға үйрету, баланың психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктерін барлық жағынан дамыту, сезім, таным, ерік әрекетін жетілдіру мектептегі оқу ісіне, ой еңбегіне дайындау, тәрбиелей отырып, қарапайым білім негіздерін меңгерту, дамыта отыру ісіне баса көңіл бөлген.

Ол үшін бала табиғат жайында жүйелі түрде білім алуы және түсінуі қажет деген мәселені А. П. Усова, А. В. Запорожец, Н. Н. Поддъяковтар өздерінің ғылыми зерттеулерінде көтереді. Сондай-ақ бұл мәселеге ерекше көңіл бөлгендердің бірі С. А. Веретенникова, Н. Ф. Виноградовалар болды.

А. П. Усова балаға табиғат туралы ұғым беру ісін екі теорияға бөліп қарады, біріншісі-қарапайым, яғни балаға білім арнайы оқытусыз күнделікті ойын, еңбек іс-әрекеттерінде бақылау арқылы жүргізіледі. Екіншісі-балаға күрделі ұғым тек арнайы ұйымдастырылған оқыту үрдісінде, сабақ кезінде ғана беріледі және екеуі де бір-бірімен байланысты жүргізілуі керек. Бұлай берілген білім нақты жүйелендірілген, бала ұғымына сай келетін табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін, жыл мезгілдеріне байланысты адамдар өмірінде болатын өзгерістер мен олардың іс-әрекеті жайында, шынайы түсінікті қамтыған жағдайда ғана нәтижелі болады деп көрсеткен.

Классикалық (К. Д. Ушинский, И. Песталоцци, Я. Коменский и т. Б.) әрқашанда балалардың дамуымен байланыты түсіну аясын кеңейтуге ұмтылды. Мысалы, Джон Дьюи дамуды моралды мақсаттарға қатысты етті. Оның пікірінше, даму шарты-бұл өзіңнің жаңа әлемінді түсінудегі мүмкіндік, басқа көзқарастарды қабылдау. Бұл тәсілдің мақсаты-баланың білім алуға бейімделуі емес, өзінің ішкі әлемін, қажеттілігін, құндылықтарын, мүмкіндіктерін дамыта алуын түсіну.

“Түсіну” феноменінің психологиялық негізі ретінде келісі анықтамаға сүйенеді: “Түсіну” бұл білу мен түсінудің арақатынасын ашуға мүмкіндік беретін үдеріс барысында ой елегінен өткізу, танымдық мағанасын қалыптастыру. В.В. Знаков келесі екі аспектіні бөліп көрсетеді. Бірінші-“фактіларды түсіну, орын алған жағдай мен оқиғаларды, біз әрқашан тікелей түсінуге келмейтін шекаралардан шығамыз (автормен көрсетілген) және оны қандайда бір кең контекстке қосамыз” яғни алынған ақпарат туралы кеңінен ойынды қорытындылау, тұжырымдау, ақпаратқа қатысты сөз қозғалуда. Екінші-қандайда бір нәрсені түсіну үшін “бізге әрқашанда түсіну мен дұрыс түсінігімізге қатысты байланыстыруымыз керек” (автормен көрсетілген), яғни алдыңғы тәжірибемен, идеалмен, мінез-құлық ережелерімен және т.б байланыстыру.

Түсіну үдерісін және оның білім берудегі рөлі туралы психологтар мен педагогтар зерттей келе, бір жағынан түсіну әдетте бұрын білетінін қабылдау мен интерпретациялау болса, сондықтан да “Түсіну бұл-бұрын білетін тану, екінші жағынан танымның жоғарғы деңгейі”-деп те қарастыруға болады.

Г. С. Костюк жазады: Жаңа объектіні түсіну-бұл қандайда болсын кішкентай таным мәселесін шешу. “Түсіну үдеріс”-бұл жеке тұлғаны алдында тұрған проблемаларды шешуге бағытталған, ойлау процесі болып табылады. Ойлауды түсінуден бөлек қарастыруға себеп жоқ. [5]

В.П. Зинченко былай дейді: “Түсіну” бұл білімді меңгеру құралы, солай болуы үшін оны білім алуда мақсат ету керек. Білім, өз кезегінде, тек білім алудың мақсаты ғана емес, сонымен қатар, мәлімет, құрал, оның көмегімен дамып түсіну. Соңғы айтылған білімге ғана емес, өз-өзіне, өміріне және басқа да адамдарға ықпал етеді. [4]

В.В. Знаков бойынша түсіну үрдісі: “Түсіну тану – ең қарапайым, болжам жасау-ойлау әрекеті, біріктіру-ең күрделі”-деп пайымдаған. В.В. Знаков бойынша түсіну процедуралары мынадай:

- Жаңа мәліметтердің ішінде бұрынғы мәліметтерді тану
- Болжам жасау
- Объектінің өткен шағы және болашағы туралы гипотеза шығару
- Түсінілетін элементтерді тұтастай біріктіру [3]

Ал, А.М. Ким бойынша түсіну теориясының негізгі қағидаларына мән берсек, олар:

- Түсіну-бұл танымдық қатынас
- Қатынас бұл жүйелік категория
- Түсінуді қарастыруда жүйелік амал қолдану керек
- Түсіну бұл когнитивті және аффективті екі компонентті біріктіретін жүйе

Белгілі философ А.Л. Никифоров түсінуге былай сипаттама берді: “Негізгі түсінік бұл бізді талғап-талдап түсіндірулермен және мағынамен, өзара байланысты мағыналық бірлік жүйесін құрастырушылармен жабдықтаушы көзі болып табылады”. Индивидуальдық контекст бұл индивидумның өмірлік тәжірибіесімен және қоғам дәстүрін меңгеруінің нәтижесінде пайда болады. Сондықтан да, мағаналық бірлік екі түрлі сипаттамалардан тұрады: жалпы және индивидуалдық. Автордың көзғарасы бойынша біз тілдік қарым-қатынаста, мінез-құлық актілерінде, заттарды түсіну үдерісі барысында индивидуалдық контекстегі мағына, түсіну, меңгеру, интерпретация және өмірлік тәжірибе барлығы бір-бірімен тығыз байланысты.

Қорытындылай келе, ойды дамыту және материалистік дүниетанымдылықтың негізін қалыптастыру үшін балаларды табиғаттағы заттармен және құбылыстармен таныстыру, қоршаған ортада байқаған құбылыстарына түсініктер іздестіруге үйрету және олардың арасындағы байланыспен өзара қатынастарды жете түсінуге балаларды баулу. Ақыл-ой қоршаған орта құбылыстарының арасындағы өзара себеп-салдарлық қатынасты түсіну процесінде жетіледі.

Бақылауға, яғни қоршаған ортаны белгілі бір мақсатпен қарауға үйрете отырып, біз балалардың жалпы ақыл-ойының жетілуімен тығыз байланысты болатын “балалардың оқуға дайындығының” елеулі шарты болып табылатын зейінін дамытамыз.

Мектепке дейінгі мекемелер мен тәрбиешілерден балаларды қоршаған ортамен таныстыру қоршаған орта жөнінде әр түрлі ғылымдар саласынан білімнің мол қоры болуын қарастыратын, оның даму заңдылықтарын түсіндіру, қоршаған ортадағы заттар мен онда болып жатқан құбылыстардың арасындағы өзара байланысты материалистік диалектика тұрғысынан дұрыс түсіндіре білуі талап етіледі. Әсіресе, өзі тұратын жердің табиғатымен танысу маңызды: мерзімдік өзгерістерді бақылап отыру, календарь жасау, көбірек таралған өсімдіктер мен жануарларды анықтап, тануды үйрену, оларды қайдан кездестіруге болатынын білдіру. Тағы айта кететін мәселе бұл қоршаған орта туралы түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыруда сөздің зор маңызы бар. Балалардың сөздік қорының көбеюі және ана тілін меңгеріп алуы-қоршаған ортаны, табиғатты сезініп танумен біртұтас байланыста жүзеге асады.

1. «Біз мектепке барамыз» мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы.- Астана, 2009. – 106 б.
2. Мектепалды даярлықбілім беру бағдарламасына әдістемелік ұсынымдар. –Астана, 2016. - 68бет.
3. В.В. Знаков, *Психология понимания: Проблемы и перспективы*. – М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2005.
4. В.П. Зинченко, *Психологические основы педагогики (Психолого-педагогические основы построения системы развивающего обучения* Д.Б. Эльконина – В.В. Давыдова) : учеб. Пособие / В.П.Зинченко, С.Ф. Горбов, Н.Д. Гордеева. – М.: Гардарики, 2002.
5. Г. С. Костюк *О психологии понимания // Избр. Психол. Труды. М., 1988.*

Резюме

Г.Жаңабай – магистрант МКТУ

ВЛИЯНИЕ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ НА ОБЩЕЕ РАЗВИТИЕ ДЕТЕЙ

Пути развития детей дошкольного возраста тесно связаны с стратегией Национального развития и неотъемлемая часть государственной политики. Поэтому, дошкольное образование и воспитание не только показывает будущее детей и еще процветанию нашей страны. Это – начальный степень непрерывного образования. Основная цель дошкольного образования и воспитания рассмотреть развития и становления детей как личность. Также ознакомление детей с окружающей средой это – предварительная адаптация их к коллективам, обществом и школе, образование их понимания, связанное явлением окружающей средой и моральных принципов.

Summary

Janabai G

ENVIRONMENTAL INFLUENCES ON CHILDREN'S DEVELOPMENT

The developing ways of preschool children are highly connected to National development strategy and an essential part of state politics. Therefore, preschool education and discipline reveal children's future, in addition, prosperity of our country. This is a basic step of continuing education. The main purpose of preschool education and discipline is to consider children's improvement and formation as an individual person. Also, familiarization of children with the environment is to pre-adapt them to colloquies, society and school, formation of their moral principles, of comprehension regarding to an influence of the environment and.

ӘӨЖ: 337.016:811.512.122

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР РӨЛІ

Б. Әбдірахманова – Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-интернатының қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Аталған мақала қазіргі білім беру саласындағы инновациялық технологиялар туралы мәселені қозғайды. Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда.

Жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру мен оны оқу-тәрбие үрдісіне енгізу – уақыт талабы. Өйткені жаңа педагогикалық технологияны меңгеру мұғалімдердің іскерлігін, ізденісін туғызып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашса, оқушылардың білім сапасын арттыруға өз үлесін қосады.

Мектеп тәжірибесінде жаңа технологиялар үлкен рөл ойнайды. Соның бірі – сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Бұл мақалада сын тұрғысынан ойлау технологиясын оқу процесінде қолданудың мәні қарастырылады. Сондай-ақ жаңа технологияларды педагогтардың сабақ кезінде қолдану мүмкіндігі жайлы айтылады.

Түйін сөздер: инновациялық технологиялар, оқушылар шығармашылығы, сын тұрғысынан ойлау технологиясы

Еліміздегі қоғам дамуының барлық саласындағы өзгерістерге орай білім саласы да жанаруда. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау» делінген. Осы міндеттерді жүзеге асыруда басты нысана – білім сапасы. Сапалы білім беру педагогтардың шеберлігі мен іскерлігіне байланысты. Ал педагогикалық шеберлік пен іскерлікті дамытуда жаңа технологияны қолданудың маңыздылығы зор [1].

Оқытудың жаңа технологиясы — оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануды, оқытудың әр түрлі әдістері мен формаларын біріктіруді, оқу материалын тиімді пайдалануды, оқудың сапасына білім мен біліктілікті жүйелеуді жүзеге асырады.

Ғылыми педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үдерісінің нәтижесін көрсететін әдіс-тәсілдер мен олардың түрлерін көбінде жаңашыл, инновациялық деп атайды.

Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытатын алғыр тұлғаны қалыптастыруда оқу-тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелеуде.

Бұл мәселелерді ойдағыдай шешу мектептің материалдық базасына, оқу-әдістемелік құралдардың ғылыми әдістемелік негізде жасалуына, мұғалімдердің ұстаздық еңбекті жаңа білім беретін технологиялық тұрғыда ұйымдастыруына, сонымен бірге мектеп басшыларының педагогикалық білгірлігіне және оқу-тәрбие жүйесін бүгінгі күн талабына сай білім беру технологиялары арқылы шебер ұйымдастыра білуіне және оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастырып, дамыта білуіне байланысты болмақ.

Білім беру технологияларының басты мақсаты – жас ұрпақтың терең білім алып, ой-өрісін өсіріп, шығармашылықпен жұмыс істей алуына жағдай туғызу, сөйтіп әрбір оқушының өзін-өзі дамытуына, өз мүддесі мен қызығушылығын қанағаттандыруына ынталандыру, бойындағы қабілетіне сай білімін ұштауына ықпал жасау.

Ғылыми әдебиеттерде шығармашылыққа «Шығармашылық - пайда болған міндеттерді әлдеқашан белгілі болған тәсілдермен шешу үшін талап етілетіндердің тысына шығатын жоғары формадағы ойлау. Ойлау процесінде үстемдік еткенде, шығармашылық елес ретінде көрінеді. Мақсат пен іс-әрекет тәсілінің компоненті бола тура, ол шеберлік пен инициативаның міндетті шарты ретінде шығармашылық іс-әрекеті деңгейіне дейін көтереді» деп анықтама береді [2].

Шығармашылық қабілет – кез келген адамның өзіне тән атқаратын іс-әрекетінің түрі. Шығармашылық қабілеттердің дамуы, бүгінгі таңда негізгі нысана болып, ал оқушыда шығармашылық белгілерінің болмауы – қазіргі таңда ойландыратын дүние. Өйткені, өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шеше білу тек шығармашыл адамдардың қолынан келеді. Оқушының шығармашылық қабілетін дұрыс ұйымдастыра білгенде ғана әрбір бала өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс – әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Жалпы білім беретін мектептерде қолданылатын жаңа білім беру технологияларының басты мақсаты – оқушылардың терең білім алып, ой-өрісін өсіріп, шығармашылықпен жұмыс істей алуына жағдай туғызу, сөйтіп әрбір оқушының өзін-өзі дамытуына, өз мүддесі мен қызығушылығын қанағаттандыруына ынталандыру, бойындағы қабілетіне сай білімін ұштауына ықпал жасау. Осыған байланысты әрбір мұғалім өз жұмыс тәсілі мен формасын, педагогикалық технологиясын таңдай отырып, олардың білімін жетілдіру бағытында жұмыс істеуі керек.

Осы аталған мақсаттарды орындауда оқыту процесіне енгізілген жаңа технологиялардың ролі ерекше болмақ. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын кәсіби, білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді. Оқушылардың кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді. Танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады.

Оқыту процесіне жаңа технологияларды енгізу білім беру мекемелеріне білім беруді ақпараттандыру, дамыту міндеттерін көздейді. Оқытушының жеке тұлғаны зерттеуіне, оны толық танып, білуге және оқытудың мақсатына жетуге тиімді, әрі нақты жол ашады.

Сонғы кезде білім беру процесінде өзіндік әдіс-тәсілдерімен ерекшеленіп жүрген, білім берудің жаңа педагогикалық технологияларына :

- білім беруді ізгілендіру ;
- дамыта оқыту технологиясы ;
- ойын арқылы оқыту технологиясы ;
- деңгейлік саралап оқыту технологиясы ;
- ақпараттық оқыту технологиясы ;
- тірек-сызба арқылы оқыту технологиясы ;
- модульдік оқыту технологиясы ;
- сын тұрғысынан ойлау технологиясы ;
- проблемалық оқыту технологиясы; т.б. жатады.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттері ашылу үшін белсенді формалар мен әдістерді қолдану керек: әңгімелесу, пікірталас, ойындар, тартыстар, жорықтар мен сайыстар, сұхбат, байқаулар, олимпиадалар, бақылаулар, шығармашылық еңбек, жобалар, дербес сабақтар. Оқушылардың қабілеттеріне қарай әрбір баланың ойын оятып, ойландыруға, талдау жасауға,

салыстыруға жетелейтін жеке шығармашылық тапсырма береміз. Осындай әдістерді жиі пайдаланып оқушылардың шығармашылыққа баулуына, шәкірт бойындағы талант көзін ашуға, тілін байытып, қиялын ұштаумен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалу тиіс. Олар:

- Шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу;
- Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болуы;
- Ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жету;
- Оқушының шығармашылық іс-әрекетіне жағдай туғызу.

Осы тұрғыдан алғанда жоғарыда аталған технологиялардың ішінен сын тұрғысынан ойлау технологиясының рөлі ерекше деген тоқтамға келдік. Енді өзімнің күнделікті іс-тәжірибемге енгізіп жүрген сын тұрғысынан ойлау технологиясына тоқталмақпын. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы білімнің болашаққа қажетке жарауын қалыптастырады. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Балалар үйренгенін саралап, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізіп, қайта қарап, өзгерістер енгізеді.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. СТО – оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір - бірінің ойын тыңдауға, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама [3].

Қазақ тілі мен әдебиет пәнін сын тұрғысынан ойлау технологиясымен өткізу мынадай міндеттерді қамтиды:

1. Жан-жақты әдістемелік шеберлік тұрғысынан ізденіс жасай отырып, бағдарламада көрсетілген сағат аясында тақырып бойынша мүмкіндігінше мағлұмат қарастыру;
2. Сабақ барысында оқушылардың қазақ тілі мен әдебиетке деген қызығушылығын арттыру;
3. Қазақ тілі мен әдебиет сабағы арқылы оқушыларды эстетикалық әсерге бөлендіру ;
4. Әдеби шығарма, ондағы идея, кейіпкер болмысы, ақындық толғау, суреттеу орамдарына орай ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке, халықтық дәстүрді, ұлттық салт- сананы біліп өсуге тәрбиелеу, ықпал ету ;
5. Оқушыларды адамгершілікке баулу, эстетикалық тәрбие беру;
6. Оқушының бойына жақсылық пен ізгілік негізін сіңдіру;
7. Шәкірт санасына асқақ арман, берік сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық қасиеттерін ұялату.

Әрбір сабақты тиімді етіп ұйымдастыру мақсатында өз тәжірибемде интернет ресурстарынан оқушыдан жазба жұмыстарын өз қызығушылығын байланысты алып, үй тапсырмасына да ізденісте, әрі бала қызығатындай, қабілеттерін дамытуына мән беремін.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни, стратегияларында. Стратегия дегеніміз — философия, әдістемелік ұстаным. Мұғалім мен оқушы кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ. Стратегиялар оқушыларды шығармашылықпен әрекет етуге, ізденімпаздыққа баулиды, еркін, терең, жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады, стратегияның 80-нен аса түрі бар. Жұмыстың ыңғайына қарай стратегияларды өзгертіп те жіберуге болады. СТО технологиясын пайдалана отырып, сабақ құрылымын жоспарлауға шығармашылықпен қарау, әдістемелік лабораторияны жинақтау секілді мүмкіндіктерге қол жеткіздім. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жазу мен оқу арқылы сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру мақсатында қолданып жүрген стратегиялардың мүмкіншіліктеріне тоқталайын:

РАФТ. Бұл стратегияны «кейіпкерге хат» деп алса да болады. Формасын түрлендіруге мүмкіндік бар: хат, хабарландыру, жеделхат, өтініш, бұйрық, жарнама. Оқушы жұмысқа кіріспес бұрын мәтіннің мазмұнын жетік түсінуге тырысады, ол үшін оны бірнеше қайтара оқып, ой елегінен өткізеді. Рафт оқушылардың тілін дамытады, қиялын өрбітеді, өз ойларын қағаз бетіне түсіру арқылы эссе жазуға жетелейді, ресми іс қағаздары жөнінде түсініктері қалыптаса түседі.

Жуан-жіңішке сұрақтар: оқушылар мәтінмен жұмыс істей отырып, мәтін мазмұны бойынша өздері тың сұрақтар құрастырады. Бұл дегеніміз, оқудың барлық әдістерін меңгеру болып табылады. Өйткені, оқушы алдымен қатесіз, түсініп оқуға тырысады, қойған сұрағына өзі жауап беруге дайын

тұрады, басқа балалардың сұрақтарын мұқият тыңдап, сұрақ құрастырудың қиын жұмыс екенін біліп, ең үздік сұрақтарға ілтипат білдіреді.

Қосжазба күнделігі: мәтінде берілген оқиғаларға өзінің пікір жазады, ендеше, оның сөздік қоры молаяды, кейіпкердің жан дүниесін түсінуге тырысады.

INSERT немесе түртіп алу стратегиясы – түртіп алу әдісі. Қолдарына қарындаш алып, «v» - білемін, «+» – білмеймін, «-» – мен үшін жаңа білім (ақпарат), «?» – мені таң қалдырды – деген белгілерді қойып отырып мәтіннің мазмұнын түсінеді. Бұл әдіс оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндері мен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады.

Куббизм стратегиясы – ойын арқылы оқыту. Кубиктің алты жағына жазылған сөздер бойынша жұмыс жасайды. Қандайда бір затты жан жақты талдайды, талқылайды, сол арқылы білімдерін қайталайды, жаңа білім қосады. Кубикпен жұпта немесе топта жұмыс жасайды [4].

Белгілі тақырыптағы ойды сын тұрғысынан қарай отырып, ой-толғау, суреттей алу, еске түсіру, болжау оқушыны да жаңа бір әлемнің жаңалығын ашқандай қалыпқа жеткізеді. Әрі қарай ойын айтуға ынталандырады, шығармашылықпен жұмыс жасауға құлшындырады. Бұрынғы қолданылған оқыту әдістерінде мұғалім басты орын алып, оқушы тек тыңдаушы ғана болса, қазіргі сын тұрғысынан шындалған ойлаудың арқасында оқушы білім негіздерімен толығып, болашақты ойлауға құлшыныс алады. Сондықтан сын тұрғысынан ойлау – өте күрделі маңызды құбылыс.

Осы орайда сын тұрғысынан ойлау технологиясы сабақты әртүрлі формада өткізуге мүмкіндік береді, пәнді оқытудың тиімділігін арттырады. Пәнді оқытудың тиімділігін арттыру ең алдымен, күнделікті оқу үрдісін жақсартудан, сабақтың сапасын арттырудан туындайды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 2007 жыл 27 шілде. № 319. «Егемен Қазақстан», 2007 ж. 15 тамыз, № 254-256
2. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика/Жалпы редакциясын басқарған экономика ғылымдарының докторы, профессор Е. Арын - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б.
3. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Назарбаев Зияткерлік мектебі. – Астана, ДББҰ. 2012 жыл.
4. Мирсеитова С., Іргебаева Ә. Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. – Алматы, 2006ж.

Резюме

Б. Әбдірахманова – Республиканская специализированная с углубленным изучением казахского языка и литературы средняя школа-интернат для одаренных детей имени Абая, учитель казахского языка и литературы

РОЛЬ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ФОРМИРОВАНИИ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ

В данной статье рассматривается вопрос об инновационных технологиях в области образования. На данный момент была создана новая система образования в стране, которое направляется в мировое образовательное пространство. Это связано со значительными изменениями в педагогической теории и в учебном процессе: парадигма образования изменилось и появился новый образовательный процесс.

Разработка новых педагогических технологий и внедрение этих технологий, в учебно-воспитательный процесс – требует множество времени. Так как, освоение новых педагогических технологий дает возможность преподавателям открывать новые возможности, развивать творческий потенциал, а ученикам дает возможность внести свой вклад в улучшение качества образования.

На практике в школе большую роль играют современные инновационные технологии. Одним из них считается технология критического мышления.

В этой статье рассматривается значения использования технологии критического мышления в учебном процессе школы. А также рассматриваются возможности применение педагогами на занятиях инновационные технологии.

Ключевые слова: инновационные технологии, творчество школьников, технология критического мышления

Summary

B. Abdrakhmanova – the Republican specialized with profound studying of the Kazakh language and literature secondary boarding school for gifted children named after Abay, teacher of Kazakh language and literature

THE ROLE OF MODERN TECHNOLOGY IN THE FORMATION OF CREATIVE ABILITIES OF PUPILS.

In this article the question of innovative technologies in the field of education. At the moment we created a new system of education in the country, which is sent into the world educational space. It is associated with significant changes in pedagogical theories and the educational process: the educational paradigm has changed and a new educational process. The development of new pedagogical technologies and introduction of these technologies in the educational process requires a lot of time. As the development of new pedagogical technology allows teachers to access new opportunities, develop creative potential, and gives students the opportunity to contribute to improving the quality of education. In practice, in school plays a big role and technology. One of them is the technology of critical thinking. This article discusses the value of using the technology of critical thinking in the educational process of the school. And also examines possibilities for the use of teachers in the classroom innovative technology.

Key words: innovation, creativity of students, technology of critical thinking

Тіркелу үлгісі

Аты-жөні	Абдреимова Кульмесхан Ауелхановна
Қала, облысы	Алматы облысы Талғар ауданы Бесағаш ауылы
Жұмыс орны	Абай атындағы ҚазҰПУ, дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау теориясы мен әдістемесі кафедрасы
Лауазымы/мәртебесі/	Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Байланыс телефоны	87052708209
Факс	—
E-mail	kulmeshan_fk@mail.ru
Мақала тақырыбы	СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР РӨЛІ
Қонақүй қажеттілігі	—

УДК 769.472.12

ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С.Х Ерназаров – магистр оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

И.Қалибек -2-курс студенті, Абай атындағы ҚазҰПУ

Бұл мақалада бұхара халықтың денсаулығын жақсарту, азаматтардың психо-физикалық күйлерінің деңгейін жоғарылату және жұмысқа қабілеттілігін арттыру мемлекеттік маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Тәуелсіз еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын тәрбиелеудің ажыратылмас бөлігі ретінде мектеп оқушыларының дене шынықтырудан тәжірибелі білім, тәрбие алуы, денсаулығының жақсы болуы, бір жағынан, оның болашақ өмірге дайындығы болса, екінші жағынан, қоғамдық өмірдің белсенді мүшесін тәрбиелеуге көмектеседі. Жалпы білім беретін мектепте басқа пәндермен қатар дене шынықтыру сабағында да жүйелі білім мен тәрбие беріліп, олардың дені сау болып өсуіне ерекше көңіл бөлінеді. Мектеп жасында, негізінен психологиялық қабілеттері – есте ұстау, ерік-аңғарымпаздылығы қалыптасады. Бұл кезде қимыл ойындары, оның барлық қабілетінің ұшталуына, қалыптасуына барынша зор әсер етеді. Қимыл ойындары баланың ерік-жігері қалыптаса бастайды.

Түйін сөздер: Кинезофилия, гипокинезия, координация, шапшандық, күш, төзімділік.

Атақты педагог В.Сухомлинский тәрбиеде ең негізгі орынды ойынға береді. Әлеуметтік тәрбиеде ойын кейбір кезеңдерде ерекше педагогикалық мәнге ие. Ойын барысында баланың мінезін бақылауға болады. Себебі ойында оның өзіне тән ерекшелігі көрінеді. Сондықтан баланың ойынын бақылау – оның мінезін қадағалауға көмектеседі. 7 мен 9 жас аралықтарының өз ерекшеліктері, адам дамуында атқаратын зор мәні бар. Бұл кезеңді баланың жетілу кезеңі деп атайды. Бұл физиологиялық және психологиялық жағынан ерекше атап өтетін кезең. Дене тәрбиесі мен адам психологиясы өзара тығыз байланысты. Балалар өміріндегі оның ой-әрекетінен тыс ешбір процес болмайды. [1] Адамның жан дүниесіндегі әрбір түйсік, қозғалыс түрінде білінетіндігі және керісінше, әрбір қимыл-қозғалыс көңілге тікелей байланысты екендігі ғылыми тұрғыда дәлелденген. Сөйтіп ақыл-ойға қозғау салмайтын бірде-бір қимыл жоқ, ой қызметі қимыл түрінде көрініс табады. Ойынға баланың дене мүшелері түгел қатысады, ойын оның барлық рухани әрекеттеріне қозғау салады, сөйтіп жеңіл атлетикамен гимнастиканың жаттығулары да дене тәрбиесінің барлық даму түрлеріне әсер етіп, орасан мол міндеттерді атқарады. Осылайша алғанда жалпы білім беретін мектеп оқушыларының күнделікті тіршілігіндегі қозғалыс белсенділігін арттыру мақсатында қолданылатын дене шынықтыру – сауықтыру жұмыстары дұрыс жүйелі түрде жолға қойылғанда ғана біздер дені сау ұрпақты тәрбиелей аламыз. Ғылыми техникалық прогрес адамзаттың өмір сүру жағдайына көптеген өзгерістер мен жаңалықтар ала келді. Дене еңбегі бірте-бірте ой және эмоциялық жүктемелермен ауыстырылды. Ғылыми-техникалық прогресс біздің өмірімізге осы пайдалылығымен бірге, өзінің теріс жақтарында ала келеді десек қателеспейміз, яғни: гипокинезия (грек сөзінен kinesis – қозғалыс, hupo – азаю) және жүйке – психологиялық күйзелістер, адамның дене салмағының артуы сонымен бірге зиянды әдеттер – темекі шегумен алкогольдік ішімдіктерді қолдану және т.б. Бұл жағдайлар әр түрлі аурулардың пайда болу мүмкіндіктерін туғызатын қауіпті факторлар болып есептеледі. Міне, осындай адамзат табиғатына жат зиянды әрекеттердің әсерінен адам ағзасында бүліністер пайда болып, денсаулықтың бұзылуына, яғни аурудың пайда болуына алып келеді. Жасөспірімдер ағзасындағы дамудың тұжырымдамасындағы екінші бір нәтижелердің бірі кинезофилия жүйкелігі теориясының пайда болуын көрсетеді. Кинезофилия – мида тұқым қуалау арқылы қалған және жоғары жүйке қызметінде (функциялардың жүйеаралық келісуі, бейімділік мінез-құлық, психика) байқалатын энергияның күшті көзі. Кинезофилия – қимыл-әрекетке деген табиғи мұқтаждық адаммен еңбекке араласу кезінде жүзеге асады. [2]

Күн тәртібіне енген дене жаттығулары мектеп оқушыларының дене және ақыл ойының дамуына жақсы әсер етеді. Мектепте болған уақытында қозғалу белсенділігін 40 пайызға арттырғанда және дене шынықтыру – сауықтыру жұмыстарын бағытты жүргізгенде физиометриялық көрсеткіштерін өзгертуіне оң әсер етеді және аурушандыққа да қарсы күресе алады. Зерттеу деректеріндегі мектеп оқушыларының күнделікті өмірінде әртүрлі дене жаттығуларының және қозғалу ойындарының оңтайлы нұсқада пайдалана алуы, олардың еңбекке және ақыл ой қабілеттіліктеріне маңызды әсер

ететіндігін дәлелдеген және олардың жалпы жағдайы да жақсарта түседі. 10-13 жас аралығындағы биологиялық қозғалысқа деген мұқтаждық күніне 4 сағатты құрайтынын білдіреді. Осы сандар уақыттың 20 пайызы орташа дене жүктемесін атқарады, қалған уақытта – ең кіші жүктемемен орындайды. Соңғы уақытта өмірдің жақсы жағдайына қарай жасөспірімдер аз қозғалу позициясын ұстануда (көбіне көп теледидар көру, компьютер ойнау т.б.), яғни гипокинезия жағдайында өмір сүруде.

Әдебиеттердегі деректерге сүйенсек, балалар мен жасөспірімдердің қозғалу белсенділігі оқу үдерісі басталысымен 50 пайызы азаяды. В.К.Бальсевич оқушылардың күндізгі уақытының 60 пайызы отырған жағдайда өтетінін және оған еш энергия да жұмсамайтынын да келтірген. Гипокинезия барлық аурудың түрінде асқындырып жібереді және бұлшық ет жүйелерінің, ішкі органдардың, қанайналымы, тыныс алу органдарының патологиясына әкеп соқтырады. «Гипокинезиялық ауру» деп аталатын ауру пайда болады, ол үлкен ми қыртысының астенизациялануымен, локомоторлы және висцералды саланың функционалдық жағдайының бұзылуына әкеп соқтырады. Қозғалу белсенділігінің заңдылықтарымен маңыздылығы бойынша күнделікті балалар мен жасөспірімдердің үйлесімді, дұрыс дамуы үшін қозғалыс белсенділігін күнделікті арттырып отыруы, қозғалыс белсенділігі онтогигиеналық, тәуліктік және мерзімдік өзгерістерімен байқалғанда гипокинезияны жою үшін ең алдымен арнайы ұйымдастырылған, жоспарланған дене жаттығулары бар өз бетінше сабақтар ұйымдастыруы дене тәрбиесінде қандай да бір жетістікке қол жеткізу үшін тәуліктік қозғалуы стереотипін құру қажет.[3] Қозғалу сапаларының өте белсенді дамиды кезеңі 7-8 жаспен 12-13 жас аралықтарында болады. Дәл осы кезең барлық сапалық қабілеттердің оңтайлы дамуына өте жақсы ықпал етеді. Кейбір авторлардың еңбектерінде жүгіру жылдамдығының маңызды көрсеткіші – қадамдардың жиілеуі, әсіресе 7-12 жас аралығында дами түседі. Л.П.Матвеев, Н.И.Шарабакина еңбектерінде жасөспірімдердің организмнің жоғары икемділігімен, сондай-ақ жүйке үдерісінің қозғалысымен, білімнің шартты рефлекстік байланыстарымен түсіндіріледі. 12-13 жаста жүгіру қарқыны едәуір төмендейді және олардың даму қарқыны толқын іспеттес. 12-14 жастағы балалардың жүгіру қарқыны төмендеуін мамандар жыныстық ерекшеліктерімен байланыстырып ол кезеңде олардың тоқтай алуы және қозу барысында тепе теңдіктің бұзылуымен байқалады. 15-16 жастағы жасөспірімдердің жүгіру қарқынының көрсеткіштері өте төмен. Шапшаңдық – жылдамдықты дамытуға арналған жаттығуларды орындағаннан кейін жүрек қантамырлары жүйесінің көрсеткіштері тез қалпына келеді. 3 минутта жүрек жиырылуының жиілігі, ал пульстік қысым 76 пайызға төмендеген. Әрі қарай қалыпқа келу үдерісі нашарлап, 15 минута дегенде жүрек жиырылуының жиілігі 8 %-ға көтерілді, ал артериялық қысым толығымен қалыпқа келген. Қазіргі заманда росы негізгі қауіпті факторларды жоюдың тиімді тәсілі ретінде адмдардың күнделікті өмір сүру салтына дене тәрбесі жаттығуларын кірістірудің маңызы өте зор. Адам денесінің 40 пайызын бұлшық ет құрайтыны белгілі. Осы бұлшық еттердің жұмыс істеу әрекетінің төмендеуі, көптеген ағзалардың соның ішінде әсіресе жүрек тамыр жүйесінің қызмет ету функциясының нашарлауына алып келеді. Бұл өзара байланыс азаматтың биологиялық революциялық процесінде пайда болып қалыптасқан. Ағза өзін-өзі басқарушы тірі жүйе ретінде қарастырылса, ал қозғалыс – өзіндік реттелістің негізгі механизмі және еңбек қабілеттілігінің негізгі құралы болып табылады. Кез келген елдің болашағы – оның халқының денсаулығына байланысты екендігі дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Ал біздің болашақтағы бағытымыз - салауатты өмір салты. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегенді ұрпақтың санасына сіңіріп, олардың өз денсаулығына деген жауапкершілікті қалыптастыру баршаның борышы.

Денсаулық дегеніміз – адам жаны мен тәнінің адандығы. Ғылыми тілмен айтқанда денсаулық дегеніміз-организмнің сыртқы ортаның ықпалдарына бейімделіп, өзінің ішкі тұрақтылығын қалыпты деңгейде сақтап қалатын жағдайын айтады. Ғалымдардың зерттеулері бойынша адамның денсаулық жағдайы 50-52 пайыз өмір сүру салтына, 20-25 пайыз тұқым қуалау 18-20 пайыз қоршаған орта жағдайларына 7-12 пайыз денсаулық сақтау саласының деңгейіне байланысты. Қимыл-қозғалыстың тапшылығы кезінде жүрек бұлшық еттерінің жиырылу күші кеміп, денеге тарайтын қанның мөлшері төмендеп, ағзаға қажетті коректік заттарға тапшы болып қалады. Гиподинамияның салдарынан ағзада басқада сыртқаттар пайда болады. Оларға омыртқа аралық шеміршектердің мүжіліп тозуы, жұқаруы остеохондроз, гипертония, скалиоз және тағы басқа аурулар жатады. Дене тәрбиесі жаттығуларын гиподинамияның әсерінен пайда болған аурулардың профилактикасы ретінде қарастыруға болады. Адамның денсаулығының тез жақсаруы мен еңбек қабілеттілігін қалпына келтіру кезінде дене шынықтыру жаттығуларын емдік шара ретінде қолданған өте дұрыс. Емдік дене шынықтыру дене тәрбиесінің бір бөлігі ретінде, дене күшінің дамуына, қимылдың координациясының артуына,

ептілікті, батылдықты, төзімділікті және басқа да адамның еңбек пен қоғамдық өміріне қажетті физикалық – психологиялық қасиеттерді дамытуға өз үлесін қосады. Сондықтан, дене шынықтыру жаттығуларын қолданудың тек емдік қана емес, сонымен қатар тәрбиелік мәні де өте зор. Негізінде емдік дене шынықтырудың ағзаға әсер етуінің 4 механизмі бар: денені сергіту (тонусты жоғарылату), қоректендіру (трофикалық), қалыпқа келтіру (компенсаторлық) және реабилитациялық.

Сергіту қызметі дене шынықтырудың барлық түрінде кездеседі және негізі болып табылады. Бұл кезде жүйкелік процестердің артуы, ішкі бездердің қызметтерінің белсенділігінің жоғарылауы, зат алмасу, тыныс жүйесі және жүрек – тамыр жүйесі қызметінің артуы болады. Дұрыс қолданған дене жаттығуы ағзаны сергітіп, оң әсерін береді. [4] Қоректендіру қызметі тіндер қызметінің бұзылысында көрініс табады. Бұл кезде тіндер мен жасушадағы қан айналысы жақсарады және олар қоректік заттармен қамтамасыз етіледі. Компенсаторлық – бүлініске ұшыраған ағзалардың қызметін уақытша немесе толық қалпына келтіру. Реабилитациялық қызметі – денсаулықты жақсарту және еңбек қабілетін қалпына келтіру мақсатында қолданылатын психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік шаралардан тұратын кешенді жаттығу тәсілдері. Дене шынықтыру жаттығулары деп арнайы және жалпы таңдалған қимыл кешенін, емшара ретінде дене шынықтыруда және дене тәрбиесінде қолданылатын жаттығуларды айтады. Дене шынықтыру жаттығулары ағзаның бұзылған функцияларын қалпына келтіреді сонымен бірге адам ағзасындағы бұлшық еттерге физиологиялық әсер етеді. Дене шынықтыру жаттығуларының ағзаға әсері:

1. Қимыл белсенділігі әртүрлі түркілердің әсеріне икемделу арқылы гемостазды тұрақты сақтайды. Жаттығулар нәтижесінде организм суыққа, жүктемелерге жоғары төзімділік көрсетеді.

2. Жаттығулар организмнің әрекеттік қосалқы мүмкіндіктерін көтереді. Физиологиялық қосалқы пәрмен эволюция барысында қалыптасқан ағзалармен жүйелердің өз іс-әрекеттік қарқынын бірнеше рет өсіре алатын қабілетіне ие болады.

3. Жаттығулар иммунитет жүйесін жақсартады. Дене жаттығуларымен жүйелі айналысу гуморальдық және жасушалық иммундық қорғаныш қасиетін өсіреді.

- қимыл жаттығулары денсаулықты шыңдайтын дене шынықтырудың негізгі құралы болып саналады.

Қозғалыстың жүйке-бұлшық ет жүйесіне әсері ерекше байқалады. Қимыл кезінде зат алмасу, қан айналымы жақсарады. Сондықтан бұлшық еттердің физикалық, химиялық қасиеттері өзгеріп, олардың өнімділігін қамтамасыз етеді. Жүйелі қозғалыс белсенділігі бұлшық еттердің гипертрофиясын тудырады. Олардың құрамында актин – миозин, миоклобин, гликоген, АТФ т.б. көбейеді. Тұрақты қозғалыстардан жүйке талшықтарымен қантамырларының терең ұштары өзгеріске ұшырайды. Сөйтіп тірек-қимыл жүйесінің құрылысы өсіп, қалыптасады. Қимыл белсенділігі реттеуші жүйелердің қызметіне әсер етеді. И.П. Павловтың, П.К. Анохиндердің зерттеулері бойынша, қимыл-қозғалыс адамға «бұлшық ет қуанышын» береді. Ғалым К.Д. Ушинский қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыруды маңызын өте жоғары бағалаған. Өмірде кездесетін қиындықтарды жеңу жолында, адамзаттың өзінің даму жолында қимыл-қозғалысты дамытудың маңызы өте зор.

Таңдамалы спорт түрлерінің жалпы дене дайындығы мен арнайы дене дайындығының психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері сабақтың мазмұнын үздіксіз даму қажеттілігін, қолданатын жаттығуларды, әдістерді, сабақ жағдайларын және түсетін салмақ күшін, оның көлемі мен қарқындылығын, қимыл-қозғалыс белсенділігін ұдайы жаңартуды және күрделендіруді қажет етеді. Оқушыларға қойылатын талапты ұдайы арттыру ең алдымен берілген тапсырмалар мен салмақ күшінде, олардың жас ерекшеліктеріне, жынысына және дара қасиеттеріне қарай жоспарланған мерзімде жағымды нәтижелерге қол жеткізумен байланысты. Жаңа, күрделі тапсырмалар мен жаттығуларға өту, техникалық дайындық барысында алдыңғы оқу материалын толық игергенде ғана, ағзаның қызметтік және құрылымдық өзгерістері, әсіресе, дене жағынан және психомоторлық қасиеттерінің даму деңгейіндегі өзгерістері ескеріліп, жүзеге асуы қажет. Жалпы дене дайындығы (ЖДД) адамның табысқа деген объективті дайындығына қол жеткізуге мүмкіндік беретін дене және арнайы қасиеттерді, қабілет пен дағдыларды қалыптастыруды көздейтін дене тәрбиесінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Қорыта келгенде жалпы дене дайындығы және арнайы дене дайындығы жан-жақты дене дайындығы негізінде, дене тәрбиесі сабақтарында, жаттығулар мен спорт секцияларында жүзеге асырылады. Жалпы дене дайындығы және арнайы дене дайындығы нақты бір қызмет жасауға және психологиялық дайындықты қамтамасыз етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. «Волейбол»: ЖОО, колледж, мектептерге арналған оқу құралы. Абилдабеков С.А., Тастанов А.Ж. Алматы., 2010ж.
2. О. Жарылғапов. Волейбол ойыны. Ауыл-село волейболшыларына арналған көмекші құрал. Алматы, «Қазақстан», 1972 ж.
3. Волейбол. Школа тренера. Ю. Клещев. ФиС. М. 2005г.
4. Волейбол. Учебник для физ. ин-ов. А.Г. Айриянца. М. ФиС.1976 г.
5. «Волейбол»: ЖОО арналған оқулық. Ред. Андрюшин И.Ф Алматы., 1997ж.

Қосымша әдебиеттер

1. Волейбол ережесі 2004 ж, Париж, 2004, ФИВБ
6. Айрапетьянец Л.Р, Годик М.А, Спорт ойындары. Ташкент. «Ибн Сина» шығарылымы. 1991ж

Резюме

С.Х Ерназаров – магистры и преподаватели КазНПУим.Абая

И.Қалибек – Студент 2-го курса, КазНПУим.Абая

Физиологический особенности общие и специальной подготовки волейболистов Physical features of general and special preparation of volleyball players

В данной статье рассмотрены физические качества волейболистов и виды физических качеств, таких как общая физическая подготовку и специальная физическая подготовку включающих в себя разные направления физических качеств. На основе проведенного исследования выявлено, что в процессе подготовки волейболистов нужно уделять особое внимание на важные элементы физической подготовки, такие как скорость, сила, выносливость, ловкость, гибкость и в процессе тренировок на развитие физических качеств нужно учитывать возрастные особенности, уровень физической подготовки, личные физиологические и психологические особенности футболистов. Приоритетным в подготовке является учитывать особенности физических качеств для улучшение эффективности в процессе тренировки.

Summary

S.X.Ernazarov –Master, Teacher Kazakh National Pedagogikal University named Abai

I. Kalibek -student 2 course of Kazakh national Pedagogikal University named Abai.

Physical features of general and special preparation of volleyball players

This article describes the physical quality of the players and the types of physical qualities, such as general physical training and special physical training involves different areas of physical qualities. On the basis of the study revealed that in the process of preparing the players need to pay particular attention to the important elements of fitness, such as speed, strength, endurance, agility, flexibility, and in the process of training for the development of physical qualities needed uchitovat age characteristics, level of physical fitness, personal physiological and psychological characteristics of players. The priority in training is a Take account of particular physical qualities for the improvement of efficiency in the process of training.

Keywords: kinezishupo, athletes, physical, education.

УДК:796,011,3:736,3.

Спорт саласында менеджментті, педагогикалық және инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі мен ерекшелігі

Қ.Ж.Аганина- п.ғ.д.,профессор

Т.Т. Ережепов – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Ікурс докторанты

Мақалада менеджмент пен технологияның анықтамасы, түрлері, мәні, маңыздылығы аталып, спортшылардың дайындықтарына, адам бойындағы қасиеттердің қалыптасуына тигізетін әсері анықталады. Жаңа технологиялар құралын жетілдіре білуге және спортшылардың дайындық негізінде тиімді қолдану оларды жан-жақты дамыту мен тәрбиелеу шарттарын қалыптастыруға, сонымен қатар спортта менеджмент және инновациялық технологияларды саналы түрде меңгеріп, қолданғанда, спортшылардың дайындық мүмкіншіліктері қалыптасуындағы тигізетін әсерлері мен алатын орны қарастырылады.

Түйін сөздер: *менеджмент, технология, педагогикалық технология, спорт, инновация.*

Менеджмент (ағылш. manage – басқару, меңгеру, ұйымдастыру,) – ұйымда немесе кәсіпорында жұмыс істейтін адамдардың еңбегін басқара отырып, алға қойған мақсатқа жетуді ұйымдастыра білу, әлеуметтік, оның ішінде білім беру үрдістерін басқару принциптері, әдістері, құралдары мен нысандарының жиынтығы.[1]

Менеджмент ғылымы (Management Science) деп те аталады, яғни ол адамзаттың басқару ісінің заңдылықтары мен өнімді әдістерін зерттейтін пән саласы есептеледі. Ол белгілі бір құралдар мен әдіснамалар арқылы басқаруды өнімді етеді, әсіресе операцияларды зерттеу (Operations Research) және статистика секілділер арқылы басқаруға сапалық және сандық анализ жасайды. Ал, басқару дегеніміз басқарылушыға өнімді, пайдалы жұмыс істету әрекеті. Қазіргі заман басқару істері кейбір басқару мәселелеріне талдау жасаудай тар шеңберден шығып, жаратылыстану және гуманитарлық пәндердегі пайдалы білімдер мен әмбебап әдістерді пайдаланып, операцияны басқару, адам күші байлығын басқару, қауіп-қатерді басқару, айқын емес жағдайда шешім қабылду, шұғыл жағдайда таңдау жасау күрделі құрылымның өзгерісін тізгіндеу, қалыптасу (emergence), өзін көрсете алу, ортаға үйлесімділік, өздігінен ұйымдасу, ұқсастықтардың біріктіруі секілді ауқымды мәселелерді жаппай қамти бастады. Осы айтылып жатқан жағдайлардың барлығы, мән беріп, көңіл аударсаңыздар спорт саласында өте жоғары мәнге ие. Сондықтан әрқандай ұйымды жүйе ретінде қарастыруға болады, ал басқару сол жүйе үшін маңызды феномен ретінде жоспарлау, жетелеу, тіпті де жақсысын өндіру секілділерге талпына бастады. Сондай-ақ әлденені басқарудан бұрын оның өз-өзін басқаруы, басқаруға әзірлігі, басқаруының жүйелілігі мен табыстылығы, әсіресе жаңа деңгейге үздіксіз көтеріліп, жетіліп отыру секілділер де менеджментке жаңа мазмұндар қосты. «Технология» ұғымы «техне» - өнер, шеберлік, «logos» – ілім, білім, оқу, ғылым деген мағыналарды білдіретін, грек тілінен енген екі сөзден тұрады. Сондықтан, «технология» - терминін - өнер туралы ғылым немесе шеберлік туралы ғылым - деп аударуға болады.

АҚШ пен Батыс Европада ХХ – ғасырдың екінші жартысынан бастап жаттықтыру процесінің технологиясын жасау бағытындағы ізденістер белсенді түрде жүргізіле бастады. Осы уақытта оқыту үрдісіне техникалық құралдардың енуіне байланысты «білім берудің технологиясы» - термині кеңінен қолданыла бастады. Кейінірек, түрлі техникалық құралдарды қолдану әдістері жөніндегі еңбектердің ықпалымен бұл терминдер «педагогикалық технология» - деп атала бастады. 60-шы жылдардың ортасында технологиялық әдіс шет елдерде кеңінен қызу талқылана бастады. Мұнда негізгі екі бағыт көзге түсті. Біріншісі, бұрынғыша технологиялық әдісті, техникалық құралдарды қолданумен байланыстырылса, екіншісінің құрамында оқу процесінің өзін ұйымдастырудағы технологиялық әдістер дами бастады да педагогикалық технология «оқытудың технологиясы» - деген термин пайда болды [1].

60-шы жылдардың аяғы, 70-ші жылдардың бас кезінде АҚШ, Англия, Франция, Италия, Жапония т.б. көптеген елдерде басқарудың, оқытудың технологиясын жасау, дамыту жұмыстарымен айналысатын мекемелер жұмыс жасай бастады. Дегенмен, оқыту процесі білім беру процесінің бір ғана бөлігі болып табылатындықтан, «оқытудың технологиясы» терминінің мағыналық аясы өте тар. Мұндай олқылық «басқарудың», «тәрбиенің технологиясы», «дамыту технологиясы», «қалыптастыру технологиясы» - ұғымдарына да тән. Қазіргі кезеңде батыста білім беру саласындағы

технологияны белгілеу үшін «білім беру технологиясы» - ұғымы пайдаланылып жүр. Осы ұғымның ғана мейлінше аясы кең, білім берудің түрлі салаларында (басқаруда, материалдық жабдықтауда, қаржыландыруда, біліктілікті арттыруда, кадрлар даярлауда, спортта, түрлі оқыту мекемелеріндегі оқыту процесінде және т.б.) қолданылатын кез келген технологияны қамти алады. Сондықтан, «менеджмент» «білім беру технологиясы» - терминін бүкіл білім беру жүйесін технологияландыру заңдылықтарын зерттейтін ғылыми пәнге қатысты қолданған дұрыс болар еді. Бірақ, әзірше бұл термин көп жағдайда тек оқыту процесі төңірегін сипаттауда ғана қолданылып жүр [2].

«Білім беру технологиясы» - ұғымын мұғалімдер мен оқушылардың білім берудің жоспарланған мақсаттарына бағытталып, арнайы ұйымдастырылған өзара қарым-қатынас процесі технологиясы ретінде қолданамыз. Білім берудің технологиясына — оқытудың техникалық құралдары, білім беруде қолданылатын ақпараттық технологиялар, қашықтан оқыту да жатады.

Сырттай қарағанда, технологияның әдістемесі мен оқыту үрдісіндегі әдістемелік және технологиялық әдіс-тәсілдер арасында қарама-қайшылық жоқ. Себебі, «менеджмент» - ұғымы «білім беру технологиясы» - ұғымынан әлдеқайда кең. Дәлірек айтсақ, басқару «не үшін, неге және қалай оқыту керек?» - негізгі үш сұраққа жауап беруге тырысады. Ал, технология болса, мақсат белгілі болып, оған жетудің нақты іс-әрекетін, жолдарын анықтау қажет болған сәтте ғана іске кіріседі. Олай болса, менеджмент әдістемелік процестің құрамына еніп, әдістемені жүзеге асыруға қызмет етеді деген қорытынды жасауға болады[3].

Педагогикалық технологияларға барлық елдер ғалымдары қызығушылық танытуда. Шетел зерттеушілері педагогикалық технологияны психология, әлеуметтік философия, басқару және мақсат қою теориясы, техника, қарым-қатынас, аудиовизуалды білім беру және кибернетика элементтерінен тұратын пәнаралық конгломерат ретінде қарастырады.

Сонымен, педагогикалық технологияны — оқыту үрдісін түгелдей қолдану және бағалау, сол сияқты, білімді адамдар мен техника ресурстарын ескеру арқылы білімді игеру, және осы жолда тиімді түріне жету үшін оларды басқаруды жоспарлаудың жүйелі әдісі ретінде қарастыруға болады.

Білім берудің технологиясы педагогикалық пән ретінде дидактикадан кейінгі орынды алады. Оқытудың технологиясын — қолданбалы дидактика десе де болады. Бір сөзбен айтқанда, оқытудың технологиясы - оқыту іс - әрекетінің әдіс-тәсілдері мен құралдарын ұйымдастыру және қолдану теориясы.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру тұлғаның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу - оқыту мақсатына жетудің бірден - бір жолы. Осы жолда педагогикалық технология оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Оқытудың жаңа технологиясы іс-әрекеттің жоспарланған нәтижесіне жетудің шартты тәсілі ретінде қарастырылатын жаңа басқару әдістердің жиынтығынан тұрады. Оның дәстүрлі оқыту технологиясынан ерекшелігі мынада:

- білім алушы тұлғаның интеллектуалды дамуы аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінің жоғары мөлшеріне жетуіне бағытталғандығы;

- білім алушы мен мұғалімнің белсенділігінің сәйкес болуы;

- мұғалім мен білім алушының өзара қарым - қатынасында жауапкершіліктің міндеттілігі.

Оқытудың дамыту функциясы білім алушы тұлғасын жетілдіруге бағытталған арнайы дайындалған кейбір оқыту технологиясында, әдістемелік жүйелері мен әдістерде жүзеге асырылады. Оларға бүгінгі өркендеп келе жатқан жаңа сипаттағы жаңа менеджментті жатқызуға болады. Олар: «Дамыта оқыту технологиясы», «Модульдік оқыту технологиясы», «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы» т.б. жатады[4].

Спортта әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі жаттықтыру жүйесін, жаттықтырудың мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Спорт жетістіктерінің қазіргі негізгі мақсаты оның әдістерін меңгеріп, білік пен дағды, нәтижеге қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби меңгеруге – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі спорт әлемінде лайықты нәтижеге жету болып табылады.

XXI ғасырда әлемдегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарламалар, қоғамның ашықтығы, оның жедел басқарылуының акпараттануы мен қарқынды дамуы спортшыларға қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

Дүние жүзіндегі инновациялық процестердің барлығы кез - келген мемлекеттің экономикалық дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз етумен бірге, ғылыми-техникалық ілгерілуін де едәуір жылдамдатады. Өйткені, мемлекет дамуының негізі болып табылатын инновациялық саясат кез - келген бәсекеге қабілетті мемлекеттегі спорт дамуының бағытын анықтайды. Сондықтан да ғылыми - техникалық процесс бүкіл әлемде «инновациялық процесс» - ұғымымен тығыз байланыста болуды талап етеді. Спортта менеджмент пен инновациялық процесс жаңа әдістің алынуын білдіреді де, ол идеяның пайда болуынан бастап, оның коммерциялық тұрғыда жүзеге асырылуына дейінгі ұзақ жолды қамти отырып, әр түрлі қарым - қатынастар (басқару, жетілдіру, қолдану, тұтыну) кешенін өз қарамағына алады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Жалпы жан-жақты білім беру жүйесінің басты міндеті – оқытудың қай салада болмасын жаңа технологияларын енгізу, білім беріп жан-жақты ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика, спорт жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алып жан-жақты жетілдіру үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде біздің жағдайымызда әрбір жаттықтырушының алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі- ойын, жаттығулардың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және осыған байланысты жаңа педагогикалық технологияны меңгеру [5].

Осы орайда, спортшылардың әр-түрлі дайындық кезеңінде спорттың таңдаған түрінің техникасына үйрету құралы ретінде педагогикалық технологияларды қолданудың мақсаты – қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық, басқарушылық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті спортшыларды дайындау болып табылады. Оны жүзеге асыру – спорт мектептерінде спортшылардың техникасын арттыруға септігін тигізетін жаттығу процесін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді.

Қазақстандағы спорт мекемелерінің алдына қойып отырған мақсаты - инновациялық жаңа оқыту технологиясы арқылы спортшының мүкіндіктерін жан-жақты дамытудан бөлек елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында жеке тұлғаға жүйелі, нақты білім беру. Алайда, инновациялық педагогикалық технологияларды қажетті деңгейде қолдану және осы арқылы жеке тұлғаның білім деңгейін, шығармашылық қабілетін қоғамдық сұранысқа сай қалыптастыру барлық спорт мекемелердің дағдылы ісіне айнала қойған жоқ. Әлі де болса көптеген спорт мектептері жаттығу процесін ұйымдастыру мен жүргізуде жаттығудың дәстүрлі әдістері мен тәсілдерін пайдаланумен шектелуде. Менеджмент пен педагогикалық технологияларды қолдану жаттығу процесін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып, әрбір спорт мекемесінде өзіндік даму жолын табуға, әрбір жаттықтырушыға өзінің әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізеді. Сондықтан қазіргі кезеңде жаттықтырудың технологияларын спорт орындарының практикасына белсенді түрде ендіру – қоғам талабы[6].

Педагогикалық технологиялар мен менеджмент теориялық және ғылыми-қолданбалы бағыт тұрғысынан зерттеу арқауы етіп, оларды оқу үрдісін жетілдіру бағытында қолдану мәселелерімен К.Ж.Бұзаубақова, Қ.А.Сарбасова, М.М.Жанпейісова, Ш.Таубаева, Қ.Аганина болса жаттығу үрдісінде Л.А.Шкутина, В.П.Беспалько және т.б. ғалымдар айналысты.

«Технология» - ұғымы соңғы кездері ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, жаттықтыру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, даму технологиясы, қалыптасу технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы сияқты психологиялық-педагогикалық ұғымдармен байланысы саналуан. Жоғарыда аталған технологиялардың қай түрі болмасын, өзінің мәнін анықтап, сипаттама беруді қажет етеді. Қазіргі кезеңдегі ғылыми айналымда «технология» және технологиямен байланысты жеке ұғымдарға берілген анықтамалар баршылық. Алайда спортшыларды жаттықтыру жүйесінде дәл қазіргі кезеңде жүріп жатқан процестердің бақарушылық технологиясының мәнін ашып, түсіндіретін жалпы анықтама әлі де болса бір жүйеге келген жоқ

Түрлі типтегі және деңгейдегі спорт мекемелерінен, жүйенің жұмыс істеуі және дамуын қамтамасыз ететін қаржы қорлары мен материалдық объектілерден, ғылыми орталықтардан тұратын күрделі құрылым болып табылады. Технологиялық тәсіл спорт жүйесінің кез-келген саласында (басқару, білім беру, қаржыландыру, мониторинг т.б.) қолданылуы мүмкін. Сондықтан, «педагогикалық технологияны спорт саласында қолдану» - деген сөз тіркесін бірыңғай түсіндіру мүмкін емес. Бұл ұғымды тек қана жаттықтырушы мен шәкірт арасындағы арнайы ұйымдастырылған процестерге ғана қатысты қолданады. Егер осы процесті жаттығу процесі деп атайтын болсақ, онда оған технологияның осы салаға арналған жиынтығы жатады[7].

Қорыта айтқанда, технологиялардың қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі тек қана мұғалімнің немесе жаттықтырушының шеберлігімен және осы шеберлікті шындай түскендігімен ғана шын күшіне ие бола алады. Сондықтан білім алушылар мен шұғылданушылардың ынтасын арттыруға арналған әдістемелік құралдардың жүйесі мен амалдары әр мұғалімнен басқаруды терең игеруін, іске асыруын және оған сай болатын іскерлікті талап етеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана, 2000.
2. Беспалько В.П. Программированное обучение. Дидактические основы. – М., 1970(11).
3. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Алматы, 2004, 21-бет(5).
4. Сарбасова Қ.А. Инновациялық технологиялар. Алматы, 2006.
5. М.М.Жанпейсова. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы, 2002
6. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. Алматы, 2001.
7. Щуркова Н. Е. Педагогическая технология. М., 2002. С. 12.

Резюме

Қ.Ж.Аганина - п.п.н. профессор

Т.Т. Ережепов – Р.һ.Д. докторант 1-го курса, КазНПУ им Абая

Эффективность и особенности применения менеджмента, инновационных и педагогических технологий в области спорта

В данной статье дается роль, виды, значение менеджмента и технологии не только для повышения уровня знания, но и в разносторонней подготовке спортсменов. Новые технологические средства в правильном направленном использовании, который дает положительные результаты в развитии, воспитании и формировании спортсменов. А также рассматривается осознанное управленческое применение инновационных средств в развитии качеств спортсменов.

Ключевые слова: менеджмент, технология, педагогическая технология, спорт, инновация.

Summary

K.J.Aganina – Professor

T.T. Yerejepov – Doctoral candidate of pedagogical sciences

Efficiency and application management features, and innovative pedagogical technologies in the field of sport

This article presents the role, types, management and technology of importance not only to raise awareness, but also in the preparation of versatile athletes. New technological tools in the right direction you use, which gives positive results in the development of education and the formation of athletes. Also considered a conscious use of administrative resources in the development of innovative qualities of sportsmen.

УДК 796:323

ФИЗИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ СТУДЕНТОВ КАК СОСТАВНАЯ ЧАСТЬ В ОБЩЕЙ СИСТЕМЕ ИХ ОБРАЗОВАНИЯ

Құрманәлі И.М. – магистр преподаватель ТуМППФКиС КазНПУ им. Абая

Погорелов С.А. – ст. преподаватель ТуМППФКиС КазНПУ им. Абая

Физическое воспитание студентов является составной частью общей системы их образования, призванной обеспечить всестороннее гармоничное развитие будущих специалистов. Однако имеющаяся система проведения занятий не лишена целого ряда серьезных недостатков, т.к. зачастую не развивает у

обучающихся стремление к систематическому занятию спортом. Бесспорно, что если обучающиеся будут с увлечением относиться к занятиям спортом, то это приведет не только к повышению их спортивного мастерства, но и будет способствовать укреплению их здоровья и всестороннему развитию.

Ключевые слова: физическое воспитание, спорт, профессионализм, специалист, студенческий спорт.

Анализ результатов исследования и педагогический контроль занятий спортом студентов КазНПУ им. Абая показал, что охват академическими занятиями по физической культуре наиболее высок на 1-2 курсах (соответственно 85,0 % и 81,2 %). Юноши посещают занятия лучше, чем девушки, на 6,0 %. Наибольший охват занятиями студентов - на историко-педагогическом факультете, наименьший - на филологическом. Несмотря на то, что в университете для студентов организованы факультативные занятия, большинство из них посещают эти занятия плохо, особенно студенты старших курсов. То же самое можно сказать о привлечении студентов к занятиям в спортивных секциях. Если среди студентов 1 курса посещают занятия в спортсекциях 5,4%, на 2 курсе - 4,4%, то на 3 курсе их число снижается до 1,7%, на 3-4 - до 1,6%.

Участие юношей в работе спортивных секций в два раза выше, чем девушек (соответственно 5,7% против 2,9%). Наибольшее число участников - с математического факультета, наименьшее - с филологического. По численности на первом месте находится секция спортивных игр, на втором - бокса, на третьем - стрельбы, на четвертом - легкой атлетики. Как ни странно, но такие секции, как художественная и спортивная гимнастика, акробатика, не пользуются вниманием студентов, хотя подавляющее большинство обучающихся в университете - девушки (69,8%).

Указанный уровень привлечения к занятиям спортом не является следствием недостаточной физической подготовки обучающихся. Так, число студентов, занимающихся спортом в специальных подготовительных группах, составляет по университету только 4,7%. Подавляющее большинство обучающихся по уровню физического развития может быть отнесено к подготовительной группе (свыше 74,0%) и только небольшое число систематически работает над повышением своего спортивного мастерства (21,3%).

Сложившийся уровень занятий спортом не мог не сказаться на спортивном мастерстве студентов. Среди обучающихся сдали нормативы физической подготовки лишь 17,2%, причем у юношей этот показатель значительно выше, чем у девушек (соответственно 24,5% и 14,1%). Наибольшее число студентов, сдавших нормы, обучаются на 2 и 3 курсе (32,0% и 30,7%). Наибольшее число сдавших нормативы физической подготовки обучается на физическом и историко-педагогическом факультетах, наименьшее - на филологическом. Число студентов, имеющих спортивные разряды, составляет 4,8% (среди юношей - 5,7%, среди девушек - 2,2%), причем из них 47% имеют 3 разряд, 32,3% - 2, 20,7% - 1. Большинство имеют спортивные разряды по спортивным играм. Наибольшее число разрядников - на историко-педагогическом факультете.

Вышеизложенное свидетельствует о том, что уровень спортивного мастерства пропорционален уровню занимающихся спортом. Это побудило нас, для более широкого привлечения студентов к занятиям спортом, провести анкетный опрос обучающихся в университете о причинах уклонения их от занятий. С этой целью были разработаны специальные анкеты. Опросом было охвачено 70,2 % студентов дневной формы обучения.

Охват опросом юношей составляет 71 %, девушек - 69,6%. Из числа студентов 1 курса было опрошено 68,1%, 2 курса - 73%, 3 курса - 69,1%. В разрезе факультетов наибольшее число ответивших зарегистрировано на математическом факультете (91,8%), наименьшее - на физическом (45,5%). Приводимые данные свидетельствуют о репрезентивности собранных сведений и позволяют подвергнуть их статистической обработке.

Из числа опрошенных систематически посещали занятия по физическому воспитанию 71,% студентов, фактор отсутствия свободного времени, как причину отказа от систематических занятий спортом, высказали 8,6% опрошенных. И хотя частота ссылок на отсутствие свободного времени увеличивается с возрастом опрошенных, прирост частоты данной причины между 1 и 2 курсами составляет только 2,9%, а между 2 и 3 - 0,8%.

Большинство из опрошенных дали положительную оценку характеру проводимых в университете академических и факультативных занятий (82,6%).

Однако частота положительных ответов, дифференцированная по курсам и факультетам, была далеко неравномерна. Наименьшее число положительных оценок дали студенты 1 курса (76,1 %), наибольшее - 2 курса (89,5%). Это можно объяснить тем, что систематические занятия спортом со временем оказали влияние на уровень их физической подготовки: если среди студентов 1 курса не

желали заниматься спортом 19,2%, то среди студентов 3 курса их число снизилось до 5,9%. Среди юношей критическое отношение к характеру проводимых занятий наблюдалось в 2 раза чаще, чем среди девушек (соответственно 25,9% и 11,8%). Особый интерес представляет мнение студентов об улучшении учебного процесса по физическому воспитанию. Среди высказанных замечаний на первом месте находится отсутствие разнообразия педагогических приемов (46,2%), на втором - отсутствие факторов, способствующих повышению интереса у занимающихся (32%).

Для улучшения занятий 44,6% студентов предлагали ввести дополнительно в программу спортивные игры, 36,2% - элементы гимнастики и акробатики, 11,8% предложили организовать факультативные занятия по плаванию. Кроме того поступил ряд предложений по организации занятий, сокращению времени, затрачиваемому на разминку, проведению отдельных занятий для юношей и девушек. Собранный материал показал, что студенты вуза далеко не безразличны к тому, как проводятся занятия по физическому воспитанию. [1,2,3,4]

